

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№122 (440) |

1954

жылғы

19

июнь

Сенбі

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын

КБОС-тың жұмысы туралы есепті баяндама бойынша ССРО кәсіподақтары XI съезінің қаулысы

КБОС-тың жұмысы туралы есепті баяндаманы тыңдап және талқылағаннан кейін ССРО кәсіподақтарының XI съезі қаулы етеді: Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің есеп беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысы мақұлданып.

X съезден кейінгі өткен жылдардың ішінде ССРО кәсіпшілер одақтары Коммунистік партияның басшылығымен жұмысшылар мен қызметшілердің қалың бұқарасын Халық шаруашылық жоспарларды толық және асыра орындау жолындағы, Коммунистік партия мен Совет үкметі еліміздің алдына қойған міндеттерді жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдыру жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Мұнымен бірге XI съезд кәсіподақтардың жұмысында елеулі кемшіліктер бар, кәсіподақтардың ұйымдық-бұқаралық, өндірістік, мәдени-тұрмыстық және тәрбие жұмысының дәрежесі коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңінде кәсіподақтарға қойылып отырған талаптарға сай келмейді, деп атап көрсетеді.

Кәсіподақтардың коммунизм мектебі, бұқараның жауынгер ұйымдастырушылары ретіндегі ролі кәзіргі жағдайда барған сайын күшейіп отыр. Коммунистік партия мен Совет үкметі халықтың барлық күшін ұлы міндетті—талдауға екі—үш жылда социалистік индустрияны мықтал өркендету негізінде ауыл шаруашылығы мен халық тұтынатын товарлар өндірудің шұғыл өрге басуына жету, еңбекшілердің тұрмысын онан әрі жақсартып, олардың үнемі есіп отырған материалдық және мәдени қажеттерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету міндетін орындауға бағытталп отыр. Совет кәсіподақтары, ССРО еңбекшілерінің нағыз бұқаралық ұйымы ретінде, өзінің барлық күшін, барлық жігерін осы тарихи ұлы міндетті ойдағыдай орындауға жұмсауға тиіс. Өзінің жұмысын үнемі жақсартып, жұмысындағы кемшіліктерді батыл жою отырып, кәсіподақтар коммунизм құрылысында жаңа табыстарға жету үшін еліміздің еңбекшілерінің қалың бұқарасын Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастыруға тиіс. Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің кәсіподақтардың XI съезіне құттықтауы совет кәсіподақтарының

лық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету, тракторларды, комбайндарды және басқа ауылшаруашылық машиналарын жоғары өнімділікпен пайдалану жолындағы жарысын кеңінен өрістетуге міндеттейді. Өнеркәсіп орындарының кәсіподақ ұйымдары машина-трактор станцияларына, совхоздар мен колхоздарға қамқорлық көмек көрсету жөніндегі жұмысқа неғұрлым белсене қатысуға, ауыл шаруашылығының заказдарын өнеркәсіптің орындауын үнемі жұртшылық бақылауына алуға тиіс.

Жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің қалың көпшілігін өндірісті басқаруға және еңбек ұйымдастыруды жақсартуға қатыстырудың маңызды түрі өндірістік кеңестер болып табылады. Кәсіподақ ұйымдары мемлекеттік жоспарларды орындау және әрбір кәсіпорынның жұмысында неғұрлым жақсы экономикалық нәтижелерге жету жолындағы күресте өндірістік кеңестердің ролін арттыруға тиіс.

КБОС және кәсіподақтардың орталық комитеттері еңбекті нормалауды және оған ақы төлеуді ұйымдастыру мәселелерімен қанағаттанғысыз шұғылданып отырғанын съезд атап көрсетіп, оларды бұл маңызды істе тиісті тәртіп орнатуға міндеттейді. Кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысын жоспарлауға және реттеуге өзінің қатысуын күшейтуге, кәсіпорындарда, МТС-тер мен совхоздарда еңбек өнімділігінің артуына демеуші болатын жалақы системаларын енгізуге, өндірісте техникалық нормалауды енгізу және оны жетілдіру жөнінде шаралар қолдануға, еңбекке есен жүргізудің және еңбекке ақы төлеудің, сәйелінің және прогрестік сыйлық системасын қолданудың жолға қойылуына бақылауды күшейтуге тиіс.

Мемлекеттік жоспарларды орындау, еңбек ету жағдайын онан әрі жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, жұмысшылар мен қызметшілерді материалдық-тұрмыс және мәдениет жағынан қамтуды жақсарту жолындағы күресте үлкен ұйымдастырушы күш коллективтік шарт болып табылады. Кәсіподақ ұйымдары коллективтік шарттардың маңызын күшейтуге, шарттарды міндеттемелердің уақыты және сөзсіз орындалуы үшін шаруа-

лық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға міндеттеледі. Өлеуметтік қамсыздандыру советтерінің жұмысы күшейтілеіні, әлеуметтік қамсыздандыру қаржыларының дұрыс пайдаланылуына, ауруханалардың, поликлиникалардың, балалар мекемелерінің, санаторийлердің, демалыс үйлерінің жұмысына бақылау жасауға жұмысшылар мен қызметшілер кеңінен тартыласын. Съезд КБОС-ты сауықтыру орындарын, әсіресе Урал, Сибирь, Қызыл Шығыс және Орта Азия аудандарында онан әрі көбейту үшін шаралар қолдануға міндеттейді.

Кәсіподақтар жұмысшылар мен қызметшілерге балаларды тәрбиелеуге күнбе-күн көмек көрсетуге, мектептен және комсомол ұйымдарымен байланысты нығайтуға, клубтарда, кітапханаларда, стадиондарда балаларды тәрбиелеу жұмысын күшейтуге, пионер лагерлерінің санын көбейтіп, олардың жұмысын жақсартуға міндетті.

Барлық кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ мүшелерінің тұрмыс-жағдайларын жақсарту саласындағы аса маңызды міндеттерінің бірі жұмысшы әйелдердің еңбек етуін онан әрі жеңілдету беру ісіне барынша көмек көрсету болып табылады. Осы мақсатпен әйелдердің еңбегін қорғауға, балалар бақшалары мен яслилерінің, асханалардың, қоғамдық кір жуатын орындардың, тігін және жөндеу мастер-койларының, тұрмыс қажетін өтейтін барлық мекемелердің санын көбейтіп, олардың жұмысына бақылау жасауға ерекше көңіл бөлінуі керек: мұның өзі жұмысшы әйелдердің белсенді өндірістік және қоғамдық жұмысқа неғұрлым кеңінен қатыстырылуына көмектеседі.

III

Съезд социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту жағдайында кәсіпшілер одақтарының еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіндегі ролі бұрынғыдан да өсе түседі деп есептейді. Кәсіподақтардың аса маңызды міндеті—Коммунистік партия мен Совет үкметінің саясатын жұмысшылар мен қызметшілерге күнбе-күн түсіндіру, бұқараны мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзбайтұн сақтау, қоғамдық меншікке ұқыптылықпен қарау рухында, социалистік Отанға шексіз сүйіспеншілік, пролетарлық интернационализм және халықаралық достық рухындағы жұмысшылар мен қызметшілердің бірлесуіне қолдау беру болып табылады.

жұмысын күшейтуге міндеттейді. Қалалардың кәсіпорындары мен мекемелері коллективтерінің мәдени-бұқаралық жұмысты ұйымдастыруда МТС-терге, совхоздар мен колхоздарға қамқорлық көмек көрсету ісіндегі инициативасын барынша қолдап, өрістетуге қажет.

IV

Партия мен Үкметіміз кәсіподақтардың алдына қойған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін кәсіподақтардың бүкіл жұмысының дәрежесін жоғарыдан төменге дейін шұғыл арттыру қажет.

Съезд КБОС-тың, кәсіподақтардың орталық, республикалық, өлкелік, облыстық комитеттері мен советтерінің жұмыс практикасында бюрократтық зиянды стилдің кең тарағанын атап көрсетеді. Өздерінің барлық күшін бұқара арасындағы жаңды, ұйымдастырушылық жұмысқа жұмсаудың орнына, кәсіподақ комитеттерінің көптеген қызметкерлері едәуір уақытын мәжілісқұмарлыққа, қажет емес мәліметтерді жыйнауға, анықтама-лар, есептер, мәлімдемелер жазуға кетіреді. Басшылық етудің кеңсешілік-бюрократтық әдістерін өте табандылықпен және батыл жойып, кәсіподақ ұйымдарының бұқарамен байланысын кеңейтіп, нығайту және еңбекшілердің белсенділігін, инициативасы мен іскерлігін барынша өрістетуге қажет.

Съезд барлық кәсіподақ ұйымдарынан кәсіподақ демократиясы мен басшылық етудегі коллективтік принциптерін бұзбайтұн сақтауды, кәсіподақ органдарының есептері мен сайлауларын уақытында өткізіп, жұмысшылар мен қызметшілердің жалпы жыйналыстарының маңызын арттыруды, активтер арасындағы жұмысты үнемі жақсартуды талап етеді. Өзара сынды, әсіресе, төменнен көтерілген сынды кеңінен өрістетіп, барлық кәсіподақ органдарының жұмысындағы кемшіліктерді батыл ашып, жойып отыру қажет.

Съезд КБОС-ты, кәсіподақтардың орталық, республикалық, облыстық комитеттері мен советтерін кәсіподақ кадрларын іріктеп алу және тәрбиелеу ісін жақсартуға міндеттейді. Кәсіподақтардағы басшылық жұмысқа іс білетін адамдарды, бұқараның тілегіне көңіл қойып және

КБОС пленумы туралы информациялық хабар

17 июльде, ССРО Кәсіподақтарының XI съезі сайлаған кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің бірінші пленумы болды.

Пленум ұйымдастыру мәселелерін қарады.

Пленум мына адамдардан КБОС Президиумының құрамын сайлады: А.О. Асланов, С.Т. Бабаев, И.В. Горошкин, И.П. Гуреев, М.П. Глянцев, П.Д. Ефанов, Т.В. Еремеев, С.В. Егуразов, М.В. Ильина, В.И. Крестьянинов, П.Н. Коробова, К.Ф. Москалец, И.А. Новиков, Н.П. Нефедов, Н.В. Попова, Н.Н. Пшени-

цын, И.Я. Россочинский, Л.П. Соловьев, Е.Т. Чередищенко, Н.М. Шверник, А.И. Шевченко.

Пленум КБОС Председателі етіп Н.М. Шверник жолдасты, Председательдің орынбасары етіп А.Н. Соловьев жолдасты, КБОС секретарлары етіп И.В. Горошкин, И.П. Гуреев, П.Н. Коробова, Н.В. Попова, А.И. Шевченко жолдастарды сайлады.

Кәсіподақтардың XI съезі сайлаған Тексеру комиссиясының мәжілісінде Тексеру комиссиясының председателі болып Я.С. Жувшинов жолдас сайланды. (СОТА).

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1954 жылғы 16 июльдегі мәжілісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

16 июльде, күндізгі сағат 11-де Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжіліс залында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші мәжілісі болды.

Председательлік етуші—Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев**. Сессияның күн тәртібінде — Қазақ ССР-інің 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін талқылаудың жалғасы болды. Сөз Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары депутат **П. К. Пономаренкоға** берілді.

Бұдан кейін күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша жарыссөзді тоқтату туралы қаулы алынды. Қазақ ССР Финанс министрі депутат **Т. Төлебаев** қорытынды сөз сөйледі.

Депутат **Ш. Қ. Қалкеновтың** ұсынысы бойынша Жоғарғы Совет бюджетті бекітудің мынадай тәртібін қабылдады: Қазақ ССР Мемлекеттік бюджеті кірістері мен шығыстарының тараулары бойынша, 1953 жылғы мемлекеттік бюджеттің орындалуы туралы есеп кірістері мен шығыстарының жалпы сомасы бойынша, Мемлекеттік бюджет туралы Заң жобасы статилары бойынша дауысқа қойылып деп ұйғарылды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бірауыздан бекітті. «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы Заң» статилары бойынша, содан кейін тұтасымен бірауыздан бекітілді.

Қазақ ССР-інің Жоғарғы Советі күн тәртібінің келесі мәселесін қарауға—Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекітуге кірісті. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары депутат **Ә. Әмиров** баяндама жасады. Жоғарғы Совет Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мынадай Указдарын бірауыздан бекітті:

* Қазақ ССР одақтық-республикалық Түсті металлургия министрлігін құру туралы;

Қазақ ССР Балық өнеркәсіп министрлігін құру туралы;

Қазақ ССР Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігін құру туралы;

Қазақ ССР Су шаруашылығы министрлігін құру туралы;

Қазақ ССР Министрлер Советі жанында Мемлекеттік хауіпсіздік Комитетін құру туралы;

Қазақ ССР Конституциясының 45, 52, 53, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76 статиларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы;

А. И. Самохвалов жолдасты Қазақ ССР Түсті металлургия министрі етіп тағайындау туралы;

Г. А. Мельник жолдасты Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары қызметінен босатып, оны Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрі етіп тағайындау туралы;

Ф. Кәрібжанов жолдасты басқа қызметке ауысуымен байланысты оны Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрінің қызметінен босату туралы;

М. Бейсебаев жолдасты Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары етіп тағайындау туралы;

С. Р. Қарынбаев жолдасты Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрі етіп тағайындау туралы;

А. Д. Гарагаш жолдасты Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары қызметінен босатып, оны Қазақ ССР Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрі етіп тағайындау туралы;

Сессия ұйымдастыру мәселелерін қарады. Жоғарғы Совет **Х. М. Пазиков** жолдасты және **Т. И. Абабков** жолдасты республикадан тыс жерлерге кетуімен байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшелері міндетінен босатты.

Депутат **Н. Д. Оңдасыновтың** ұсынысы бойынша Жоғарғы Совет Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшелері етіп депутат **П. К. Пономаренконы**, депутат **Л. И. Бржегневті**, депутат **И. Ш. Шариповты** бірауыздан сайлады.

Председательлік етуші—Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** сессияның күн тәртібіндегі барлық мәселелердің қаралып болғанын хабарлап, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясын жабылды деп жариялады.

Жемісөтті мол әзірлеу—мал басын көбейтудің
басы шарты

Съезд кәсіпшілер одақтарын жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің творчестволық инициативасы мен жігерін халық шаруашылығының резервтерін барынша пайдалану жолындағы, әрбір кәсіпорында, құрылыста, транспортта, әрбір машина-трактор станциясында және әрбір совхозда—коммунистік құрылыстың барлық учасқотерінде өнімнің өзіндік құнын кеміту және сапасын жақсарту жолындағы күреске бағыттауға міндеттейді. Еңбек өнімділігін арттыру кәсіпорындар жұмысының барлық экономикалық көрсеткіштерін арттыратынын және елдің техникалық прогресі мен еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін ұдайы арттырудың негізі болып табылатынын есте сақтап, халық шаруашылығының барлық салаларында еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру ісіне ерекше көңіл бөлу керек.

Кәсіподақтар еңбектің және өндірістің ұйымдастырылуын жақсартуға, өндірістік процестерді оған әрі механикаландыруға, машиналар мен жабдықтарды дұрыс және өнімді пайдалануға табындылықпен жетуіне міндетті. Озаттардың тәжірибесін кеңінен тарату, өндіріс жаңашыларын, өнер-тұлқыштар мен рационализаторларды барынша қолдан отыру, жұмысшылардың өндірістік оқуына және олардың мамандығын арттыруға көңіл бөлуді күшейту қажет.

Бүкілхалықтық социалистік жарысты өрістетуге, жарысқа барлық жұмысшыларды қатыстыру, жарысқа қатысушылардың бағалы инициативасын қызу қолдан отыру кәсіпшілер одақтарының аса маңызды міндеті болып табылады. Кәсіподақтар озаттардың қатарын көбейтуге, артта қалғандардың озаттардың дәрежесіне дейін көтерілуіне көмектесуге тиіс, сөйтіп, осының негізінде ұдайы жалпы өрлеуге жетуі, социалистік жарыс сыяқты жаңды, творчестволық істегі формализм мен бюрократтық бұрмалаушылықтарды батыл жоюы керек.

Партия мен Үкіметтің еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде қойған міндеті кәсіподақтардың төл ісі болып табылады. Съезд КБС-ты, кәсіподақ ұйымдарын МТС-тер мен совхоздар қызметкерлерінің барлық ауылшаруашы-

лық шаруалардың орындалуына бақылау жасауға кәсіподақ активтерін кеңінен қатыстыруға тиіс.

II

Совет адамдарының материалдық алау қаты мен мәдени дәрежесін арттыру жөнінде күнбе-күн қамқорлық жасау кәсіподақтардың қасиетті міндеті болып табылады. Кәсіподақ ұйымдары еңбекшілердің қажеттеріне немқұрайды және үстірт қараудың белгілеріне қарсы табандылықпен, жігерлі күрес жүргізуге, жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек ету және тұрмыс жағдайларын жақсартуға, мемлекеттік және шаруашылық мекемелердегі, кәсіподақ ұйымдарындағы аппараттың жұмысын барған сайын нығайтып, жақсарту беруге, осы аппараттың барлық буындарында бюрократтық пен қағазбастылықты батыл жоюға міндетті. Съезд көптеген кәсіподақ ұйымдарының бұл аса маңызды міндетті нашар орындап отырғанын, шаруашылық органдардың тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыстың мемлекеттік жоспарларын орындауына, сауда және қоғамдық тамақтандыру орындарының жұмысына бақылау жасау жөнінде оларға берілген правоны нашар пайдаланатындығын атап көрсетеді.

Съезд кәсіподақ ұйымдарын тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыс мекемелер, сауда және коммуналдық кәсіпорындар құрылысы жоспарларының сөзсіз орындалуы үшін уақтылы шаралар қолдануға, құрылыстың барысына және тұрғын үйлерді бөлу ісіне пәрменді жұртшылық бақылауын жолға қойып, еңбек ұйымдастыруда және социалистік жарысты өрістетуге ісінде құрылыстарға нақтылы көмек көрсетуге, сөйтіп халықтың тұрмыстық қажетін өтеуді жақсарту үшін батыл күресуге міндеттейді.

КБС, кәсіподақтардың орталық комитеттері мен советтері шаруашылық басшыларынан еңбек туралы заңдарды бұлжытпай орындауды, хауіпсіздік техникасы мен өндірісте тазалық сақтаудың ережелері мен нормаларын даяр орындап отыруды талап етуге тиіс.

КБС, кәсіподақтардың орталық комитеттері және кәсіподақ ұйымдары әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы жұмысты жақсартуға, еңбекшілерге медицина-

капитализмнің адам санасындағы сарқыншақтарына қарсы, соқыр сенімге қарсы, жеке меншіліктің мінез-құлқы пен моральдің қалдықтарына қарсы белсене күрес жүргізуге тиіс.

Кәсіподақтар тарихи міндетті орындауға—барлық жұмысшылар мен барлық шаруаларды мәдениетті және білімді етуге, кәсіподақ мүшелерінің саяси және жалпы білім дәрежесін арттыру жөнінде үздіксіз қамқорлық жасауға, жұмысшылар мен қызметшілерді техникалық және жалпы білім мекемелері мен үйірмелеріне, кешкі және сырттан оқытатын техникумдар мен институттарға тартуға, оларды ғылымның және озат өндіріс практикасының жетістіктерімен кеңінен таныстырып отыруға міндетті және осы міндетті орындауға белсене қатысуға тиіс. Кәсіподақ ұйымдары қолөнер, темір жол училищелерінің механизатор кадрларын даярлайтын училищелер мен фабрика-завод мектептерінің жұмысына күнбе-күн қамқорлық жасап, жастар мен жасөспірімдердің арнаулы техникалық білім алуына көмек көрсетуге міндетті.

Кәсіподақтардың мәдени-ағарту мекемелері бұқаралық-саяси жұмысты жұмысшылар мен қызметшілердің демалуын ұйымдастырумен шебер ұштастырып, өздерінің жұмысында еңбекшілердің жеке топтарының—байырғы жұмысшылардың жастардың, әйелдердің тілектерін ескеріп отыруға, киноны жақсы пайдалануға, көркем өнерпаздықты кеңінен өрістетіп, оның дәрежесін арттыруға тиіс. Кәсіподақ органдары ерікті спорт қоғамдарына басшылық етуді жақсартуға, бұқаралық физкультура жұмысын кең өрістетіп, физ. культураның спорт шеберлігін арттыруға міндеттелісін.

Съезд кәсіподақ баспасөзінің ұйымдастырушылық және тәрбиешілік ролін көтеріп, оның кәсіподақ ұйымдарымен байланысын нығайту, баспасөз бетінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесін кеңінен жазып, жыйнақтап, кәсіподақ ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді неғұрлым өткір сынау қажет деп санайды.

Съезд кәсіподақ ұйымдарын ауыл шаруашылығында істейтін жұмысшылар мен қызметшілер арасындағы мәдени-ағарту

жұмысын ұйымдастырушыларды жоғарылату керек.

V

ССРО кәсіподақтары өсе беріп отырған мерзім ішінде дүниежүзілік жұмысшы және кәсіподақ қозғалысының жауынгерлік бірлігін нығайтуға, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап, нығайту жолындағы күреске бағытталған өзінің жұмысын күшейтті, ССРО кәсіподақтарының шетелдердің кәсіподақтарымен достық байланысы кеңейіп, нығайту, Совет кәсіподақтары кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясындағы және оның халықаралық бірлестіктеріндегі өзінің ролін күшейте түсті.

Съезд КБС-ты және кәсіподақтардың орталық комитеттерін бұдан былай да кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының жұмысына белсене қатысуға, Қытай Халық Республикасының және халықтық демократия елдерінің кәсіподақтарымен туысқандық байланысты нығайтуға, ССРО кәсіподақтары мен жұмысшыларының капиталистік және отар елдердің кәсіподақ ұйымдарымен байланысын күшейтуге міндеттейді.

Пролетарлық интернационализмнің ұлы туышан айнымайтын совет кәсіподақтары бейбітшілік, демократия жолындағы, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін арттыру жолындағы, бүкіл адамзаттың тамаша бөлшегі жолындағы күресте барлық елдердің жұмысшы табының бірлігі мен топтасқандығын тазмастан нығайтуды өзінің қасиетті міндеті деп біледі.

* * *

Өзінің жұмысын жақсартып, жетілдіре отырып, совет кәсіподақтары мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыстағы өзінің ролін бұрынғыдан да жоғары көтеріп, миллиондаған жұмысшылар мен қызметшілерді ұлы Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастырады.

XI съезд ССРО-ның кәсіпшілер одақтары елімізде коммунизм орнату жолындағы күреске бұдан былай да Коммунистік партияның сенімді көмекшісі болады деп Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетін сендіреді.

СОКП делегациясының Чехословакиядан Москваға жүріп кетуі

ПРАГА, 17 июнь. (СОТА). 17 июньде, Чехословакия Компартиясының X съезіне қатысқан, құрамында СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев жолдас, Украина Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары И. Д. Назаренко жолдас, СОКП Москва қалалық комитетінің секретары Е. А. Фурцева жолдас және СОКП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі В. П. Степанов жолдас бар Совет Одағы Коммунистік партиясының делегациясы Совет Одағына жүріп кетті.

Рузичка аэродромында делегацияны

ЧКП Орталық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный, ЧКП Орталық Комитетінің саясаттық бюросының мүшелері А. Запотоцкий, З. Фирлингер, Я. Доланский, А. Чепичка, В. Колецкий, Е. Бацлорек, Р. Барак және ЧКП-ның басқа да көрнекті қайраткерлері, сол сыяқты, ССРО-ның Чехословакиядағы Елшісі Н. П. Фирюбин шығарып салды.

* * *

17 июньде, Чехословакия Компартиясының X съезіне қатысқан Совет Одағы Коммунистік партиясының делегациясы Москваға қайтып келді.

Возвышен совхозының коллективі шөп шабуға ойдағыдай әзірлікпен кірісті. Кәзір совхоздың табиғи шабындық жерлерінде 4 өздігінен жүретін шөп машина, 6 тракторға тіркелетін агрегат және 4 көлік машинасымен шөп шабу жұмысы қызу жүргізілуде.

Пішеншілер өзара социалистік жарыс туын жоғары ұстап, еңбек өнімділігін күн сайын арттырып келеді. Мәселен, № 1 бөлімшенің машинашысы П. Беккер өздігінен жүретін шөп машинасымен күніне 30 гектардың орнына, 50—55 гектар жердің шөбін шауып, бұған кететін жанар майдың 10—15 килограммын үнемдеп жүр. Тракторға тіркелген агрегаттың машинашысы Фадеев жолдас та 20 гектардың орнына, күн сайын 27—30 гектар жердің шөбін шауып, біржарым норма орындауға жетісуде.

№ 4 бөлімшесінің меңгерушісі Юрий жолдас машинашылары да жоғары көрсеткіштерге ие бола отырып, аз уақыттың ішінде 600 гектар табиғи шабындықтың шөбін шапты. Бұл бөлімшенің пішеншілері социалистік жарыста совхоз бойынша бірінші орында келеді.

Шабылған шөпті жыйнау, маялау жұмысындағылар да машинашылардан қалыспай келеді. Пішенді жыйнап, маялауда әрқайсысында 6—7 адам бар 14 зве-

Мал қамын ойламай отыр

Жамбыл атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) басшылары өткен жылы шөп дайындауды кеш бастады. Соның өзінде, шөп шабу жұмысына шөп машиналарын толық пайдалануды қамтамасыз етпеді. Мұның ақыры пішен дайындау жоспарының колхозда үштен бір бөлігі де орындалмай қалуына әкеліп соқты. Осыдан барып, қыста мал азығы тапшы болды. Малға шөпті нормадағы мөлшерден кем беру фактілері орын алды. Малдың қоңдылығы төмендеп, шығынға ұшырауына жол берілді.

Колхоз басшылары өткен жылдың кемшіліктерінен быйыл да тиісті қорытынды шығармай отыр. Оған дәлел колхозда көлікке жегілетін шөп машиналарын, тырнауыштарды басқа да құрал-саймандарды жөндеу әлі күнге дейін аяқталмаған. Оларды жөндеушілердің еңбегі нашар ұйымдастырылған. Осыған қарамастан колхоз басшылары (председателі Ырысбаев жолдас) шөп шабуға әзірлікті тез аяқтауды ұйымдастыруға немкетті басшылық жасап келеді.

Көзір колхоздың табиғи шабындықтарының шөбі пісіп, жетіле бастады. Шөбі

Шөп шабатын агрегат

Преснов ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың мүшелері табиғи шабындықтың шөбінің пісіп, жетілуін күнбе-күн қадағалай отырып, пішені пісіп-жетілген шабындықтарды іріктеп шабуға кірісті. Көзір колхоз даласында

но жұмыс істейді. Олар күн сайын 900—1000 центнер шөпті жыйнап, маяға салып жүр.

Пішеншілердің осындай қажырлы еңбектерінің нәтижесінде совхоз бойынша кәзірдің өзінде 2000 гектардан астам шабындықтың шөбі шабылды. Бұл жерлерден өнген пішеннің 6000 центнері маяланды, 2000 центнерге жуық шөп шөмелеленді. Пішеншілер шөпті шабу мен жыйнаудың арасында алшақтықтың болуына жол бермеуге ерекше назар аударып келеді.

Совхоз коллективі негізгі күшті, алдымен, пар мен зябь жыртылатын тың жерлердің шөбін шабуға жұмылдырып отыр. Сонымен бірге, шөбі шабылған жерлерді жырты жұмысын бөгеу үшін бұл учасқотердің шөбін тасу жұмысы да ойдағыдай ұйымдастырылған.

Совхозда кәзірдің өзінде ғана 500-ден астам сауын сыйыр, 5 мыңнан аса қой, және жүздеген басқа малдар бар. Бұларды жай жемшөпшен қамтамасыз ету үшін кемінде 120 мың центнер пішен шабындығы керек. Пішеншілер осы мөлшерде пішен жыйнауды ең қолайлы мерзім ішінде өткізуді өздерінің алдына негізгі міндет етіп қойып отыр. Олар бұл міндетті сөзсіз орындайды.

В. ЖАҚЫПОВ.

піскен жерлерді іріктеп шаба бастауға болады. Бірақ, колхоз әзірлік жұмыстарының мүлдем нашар болуынан шөп шабуға кірісе алмай отыр.

Көптеген шөбі шүйгін шабындықтарға мал жаю сыяқты зиянды әдет орын алып келеді. Мәселен, Есіл өзені бойындағы шабындықтарға быйыл өзен тасыған тезде су мол жайылды. Жайылған су тартылысымен ол жерлерге шөп әрі тез, әрі қою өсті. Бірақ, амал не, колхоз басшылары бұл шабындықтарды малдың таптап-басып тастауынан қорғау шараларын белгілемеді. Сөйтіп, мыңдаған центнер шөптің мал аяғының астында жаншылып қалуына жол берді.

Мал үшін жай жемшөп дайындау ісіне мұндай жауапсыз қараушылыққа тезуге болмайды. Олай болса, Жамбыл атындағы колхоздың басшылары пішен дайындау жұмысындағы кемшіліктер мен қателіктерді дереу жоюдың және шөп шабуға тез кірісіп, оны ұйымшылдықпен жүргізудің шараларын жүзеге асырулары керек.

В. ЕСАЛИН.

Байланыс әскерлерінің Маршалы И. Т. Пересыпкинді Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Байланыс әскерлерінің Маршалы И. Т. Пересыпкиннің туғанына елу жыл толуына байланысты және оның Совет Армия-

сы алдында сіңірлен еңбектері ескеріліп Иван Терентьевич Пересыпкин Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.

17 июнь. 1954 жыл.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжлісі

Қазақ ССР-інің 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және 1953 жылғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы

Қазақ ССР Финанс министрі депутат Т. ТӨЛЕБАЕВТЫҢ баяндамасы

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫЛАРЫНЫҢ БАҒЫТТАЛУЫ

Депутат жолдастар! Қазақ ССР Министрлер Советі Жоғарғы Советтің осы сессиясының қарауына тапсырған, республиканың 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті Коммунистік партия мен Совет үкметінің ұлы Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін үнемі өрлеуде беруге, совет халқының мәтерналық әл-ауқатын арттыруға бағытталған дәйекті саясатының айқын айғағы болып табылады.

Қазақ ССР Мемлекеттік бюджеті республиканың 1954 жылғы халық шаруашылық жоспарында көзделген өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, транспортты, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты және әлеуметтік мәдени мекемелерді дамыту жөніндегі зор шараларды жүзеге асыруды қажетті қаржымен қамтамасыз етеді.

Совет халқы партияның XIX съезі, Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдары еліміздің алдына қойған аса зор міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруы міндет.

Совет халқының коммунистік құрылыста зор табыстарға жетіп отырған себебі сол, оған ұлы Коммунистік партия мен Совет үкметі басшылық етіп келеді. Міне, сондықтан Совет Одағының барлық халықтары Коммунистік партия мен Совет үкметінің демегерлік саясатын қызу мақұлдап, қолдан отыр.

ССРО Жоғарғы Советінің 1954 жылғы 14 мартта болып өткен сайлауы Совет Одағы халықтарының Партиямыз бен Үкметіміздің төңірегіне құрыштай берік топтасқандығын бүкіл дүние жүзіне тағы да айқын көрсетті.

Халықтың қалаулылары — мемлекеттік өкметтің жоғары органының депутаттары — төртінші сайланған ССРО Жоғарғы Советінің бірінші сессиясында мемлекеттік маңызы бар бірқатар мәселелерді шешті. Сессияда шығын сөйлеген Партия мен Үкметтің басшылары және депутаттар совет халқының орасан зор жемісті жұмысының қорытындыларын шығарып, халық шаруашылығының жеке салаларындағы кемшіліктерді анықтап, оларды пайдаланымай отырған резервтердің көп екенін көрсетіп, шаруашылық және мәдениет құрылысының кезектегі міндеттерін белгілеп берді.

Жоғарғы Совет ССРО-ның 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекітті, бұл бюджетті ойдағыдай орындауда біздің ұлы Отанымыз өзінің коммунизмге қарай үнемі алға басып келе жатқан жолында жаңа қадам жасайды.

Қазақ ССР-інің 1953 жылғы Мемлекеттік бюджетін орындаудың қорытындылары

Депутат жолдастар! Социалистік өндірісті өсіру, шаруашылықтың ішкі қорларын молайту және товар айналымын арттыру негізінде республиканың бюджеті оған әрі ұлғайтылып, нығайтылып келеді, бұл бюджет ССРО Мемлекеттік бюджетінің тығыз байланысты бір құрамды бөлігі болып табылады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне тапсырылып отырған есеп бойынша, республиканың 1953 жылғы Мемлекеттік бюджеті кірістері жағынан 4 миллиард 398 миллион 203 мың сом және шығыстары жағынан — 4 миллиард 349 миллион 189 мың сом болып орындалды. Бюджеттің кірістері шығыстарынан 49 миллион 14 мың сом асып түсті.

Бұдан бұрынғы жылдардағы сияқты, республиканың 1953 жылғы Мемлекеттік бюджеті кірістерінің негізі социалистік шаруашылықтан түсетін қаржы болды. Бұл кірістер жылдан жылға арта түсті, ал бюджетке халықтан түсетін қаржы едәуір мөлшерде азайтылып келеді.

1953 жылғы халық шаруашылығына республика бюджетінен 1 миллиард 313 миллион 573 мың сом қаржы жұмсалды. Мұның өзі бюджеттің барлық шығыстары

қаржы 2 миллиард 65 миллион 241 мың сом, соның ішінде ауыл шаруашылығы шараларына — 1 миллиард 345 миллион 945 мың сом, яғни 65,1 процент болды.

Оқу, мәдени-ағарту жұмысына, кадрлар даярлауға, ғылымға, искусство мен баспасөзге 1953 жылы 1 миллиард 628 миллион 438 мың сом, денсаулық сақтау және физкультура істеріне — 713 миллион 736 мың сом, әлеуметтік қамтамасыздандыру мен әлеуметтік қамсыздандыруға — 229 миллион 416 мың сом жұмсалды.

Мұнымен қатар ауыл шаруашылығы жөніндегі шараларға бөлінген қаржы 27 миллион 284 мың сом, денсаулық сақтау және физкультура жөнінде — 30 миллион 201 мың сом, оқу жөнінде — 59 миллион 58 мың сом, соның ішінде халық ағарту шаралары жөнінде — 27 миллион 200 мың сом қаржы пайдаланылмай қалды.

Бюджеттен бөлінген қаржының едәуір мөлшерде пайдаланылмай қалуының себебі сол, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Совхоздар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі және Оқу министрлігі, олардың жергілікті органдары 1953 жылғы республиканың халық шаруашылығына жұмсалатын қаржы 3 миллиард 77 миллион 880 мың сом болып белгіленді. 1953 жылмен салыстырғанда бұл қаржының мөлшері 48,8 процент, ал бюджеттен жұмсалатын қаржы 60,4 процент арттырылды.

Республиканың 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде халық шаруашылығына 2 миллиард 106 миллион 920 мың сом қаржы бөлу қаралып отыр. Мұнымен қатар кәсіпорындардың өз қаржысынан 970 миллион 960 мың сом қаржы жұмсалды. Мұны есепке алғанда, халық шаруашылығына жұмсалатын жалпы қаржы 3 миллиард 77 миллион 880 мың сом болып белгіленді. 1953 жылмен салыстырғанда бұл қаржының мөлшері 48,8 процент, ал бюджеттен жұмсалатын қаржы 60,4 процент арттырылды.

Одақтық-республикалық және республикалық маңызы бар өнеркәсіпке 1954 жылғы бюджеттен және кәсіпорындардың өз қаржысынан 350 миллион 500 мың сом қаржы жұмсалды. Азық-түлік товарлары мен көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары өнеркәсібіне 269 миллион 300 мың сом, күрделі құрылысқа 218 миллион 330 мың сом жұмсалды.

Депутат жолдастар! Коммунистік партия мен Совет үкметі ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыруды және астықпен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді мықтап арттыруды жүзеге асыру жөнінде республиканың алдына орасан зор міндеттер қойды. Елімізде 1954—1955 жылдардың ішінде игерілетін 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлердің 6 миллион 400 мың гектарын Қазақстанның колхоздары мен совхоздары игеруге тиіс.

Бұл жалпы мемлекеттік зор міндетті орындау үшін Партия мен Үкмет республикамызға орасан зор, барған сайын өсе деуі артық техникалық және материалдық көмек көрсетуде.

Біздің социалистік өнеркәсіміз республиканың жаңадан ұйымдастырылған астық совхоздарын және қазіргі МТС-тері мен совхоздарын ауылшаруашылық машиналарымен толық қамтамасыз етіп отыр. Қазақстанға қуатты тракторлар, комбайндар және басқа ауылшаруашылық машиналарын, стандартты үйлер, құрылыс материалдарын жеткізу жөніндегі үкмет тапсырмалары мерзімінен бұрын орындалуда.

Бұл зор істе біздің республикамызға, Совет одағының барлық туысқан халықтары, ең алдымен ұлы орыс халқы жан-жақты көмек көрсетуде.

1954 жылғы республиканың ауыл шаруашылығын өркендетуге көп қаржы қаралып отыр. Мемлекеттік бюджеттен және кәсіпорындардың өз қаржысынан ауыл шаруашылығына 2 миллиард 225 миллион 250 мың сом, яғни 1953 жылғыдан 65,3 процент артық қаржы жұмсалды. Ауыл шаруашылығына жұмсалатын құр-

мың сом, яғни өткен жылғыдан 10,7 есе артық жұмсалды.

Депутат жолдастар! ССР Одағы Министрлер Советінің быылғы жылы жергілікті Советтердің тұрғын үйлер құрылысына жұмсалатын қаржыны 25 миллион сом арттыру жөнінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұсыныстарын жақында қабыл алғанын ерекше атап айту керек. Одақтық үкмет сонымен қатар быйылғы жылы аудан орталықтары мен жұмысшы поселкелерін көркейтуге — әрбір аудан орталығы мен жұмысшы поселкесіне өткен жылғы 20 мың сомның орнына 50 мың сомнан барлығы 16 миллион 800 мың сом қаржы жұмсауға рұқсат етті.

Жоғарыда көрсетілген министрліктер мен олардың кәсіпорындарының басшылары көбірек инициатива көрсетіп, құрылысты сапасыз және төзбестей баяу жүргізу, құрылыстың құнын қымбаттату фактілерін батыл жоюға, құрылыс және көркейту жұмыстары жоспарының белгіленген мерзімде сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджетте республиканың жол шаруашылығын өркендетуге көп қаржы қаралып отыр. Тас жолдар салуға және оларды күтуге, автомобиль транспорты мен төменгі байланысты өркендетуге 208 миллион 50 мың сом қаржы бөлінеді, мұның өзі өткен жылғыдан 45 процент артық. Жол, автомобиль шаруашылығына қаржының көп бөлінуі тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда жолдарды күту, жондеу жұмыстары көлемінің артуына және автомобиль паркінің өсуіне болып отыр деп түсінуге керек.

Депутат жолдастар! Партиямыз бен Үкметіміз Совет Одағы халықтарының материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыруға, оларды коммунистік саналылық рухында тәрбиелеуге тынбастан қамқорлық жасап келеді. Совет мемлекеті мұның өзі коммунизмге қарай ойдағыдай алға басудың аса маңызды шарты деп біліп, халық ағарту, денсаулық сақтау, ғылым мен мәдениет істерін өркендетуге жыл сайын аса көп қаржы бөлуде.

Бұл мақсаттарға жұмсалатын бюджет қаржысы жылдан жылға артын келеді. 1954 жылғы Қазақ ССР бюджетінің барлық шығыстарының 52 проценттен астамы әлеуметтік-мәдени шараларға бағытталып отыр, міне мұны капиталистік елдердің езілген халықтарының бірде-бірі ешуақытта да көрін білген емес және білмейді де.

Бұл шығыстардың арттырылуы быйылғы жылы жұмыс істеп отырған мектеп-

Талдықорған облысы	140463	«	«
Оңтүстік Қазақстан облысы	255196	«	«
Алматы қаласы	159270	«	«

Жергілікті бюджеттер бойынша 1954 жылға белгіленген шараларды ойдағыдай жүзеге асыру үшін кірістердің мезгілінде және толық түсуін, бюджет қаржысының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету қажет.

Республиканың бірқатар облыстарында бюджет кірістерінің орындалуы қамтамасыз етілмей, мемлекет қаржысын жұмсауда елеулі бұзушылықтарға жол беріліп отырғанын атап айту керек. Міне бұған Қостанай және Ақмола облыстары жатады, бұлардың бюджеттері соңғы екі жылдан бері орындалмай келеді. Қостанай және Ақмола облыстарының еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқару комитеттері Қазақ ССР Министрлер Советінің финанс жұмысын ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктерді жою туралы нұсқауларын орындамады, кірістердің бюджетке толық түсуін қамтамасыз етпеді, мемлекет қаржысын заңсыз жұмсау фактілерін жоймады.

Финанс тәртібін бұзу және мемлекет қаржысын жоспардан тыс күрделі құрылысқа заңсыз жұмсау фактілері Жамбыл, Қызылорда және Семей облыстарында да болды.

Ақмола, Қостанай, Жамбыл, Қызылорда және Семей облыстарының финанс органдары кірістердің барлық көздер бойынша бюджетке толық түсуін, бюджет қаржыларының жоспарда көзделген шараларға дұрыс және үнемді пайдаланылуын ақша арқылы бақылауды ойдағыдай қамтамасыз етпеді.

Жергілікті Советтердің атқару комитеттері мен финанс органдарының міндеті — бюджетті орындаудағы кемшіліктерді неғұрлым тез жойып, бұдан былай ондай кемшіліктерге жол бермеу, кірістер жөніндегі жоспарлардың орындалуын, жергілікті бюджеттерде қаралған шаралардың

Шаруашылықтағы кемшіліктер батыл жойылып, Мемлекеттік бюджеттің ойдағыдай орындалуы қамтамасыз етілсін

Депутат жолдастар! Республиканың 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті кірістерінің негізгі көзі, бұдан бұрын айтылғанындай, социалистік шаруашылықтан түсетін қаржы болып табылады, социалистік шаруашылықты өркендету еңбек өнімділігін үнемі арттыруға, өндірісті ұлғайтуға, өнімнің өзіндік құны мен айналым шығындарын үнемі кемітуге негізделеді.

мезгілінде және дұрыс қаржыландырылуын қамтамасыз ету, соның өзінде мемлекет қаржысын жұмсау ісінде үнемшілдік тәртібін қатаң сақтау болып отыр.

Депутат жолдастар! Өткен жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясында республиканың бюджетін талқылаған кезде депутаттар жеке облыстардағы кейбір шараларға бөлінетін қаржыны арттыру туралы ұсыныстар енгізген болатын. Қазақ ССР Министрлер Советі бұл ұсыныстарды қарап шықты.

Депутат Байбатишев 1953 жылы Жамбыл қаласын көркейтуге, ал депутат Сәкенова — Қарағанды облысының мектептері үшін жабдықтар сатып алуға қосымша қаржы бөледі өтініш болатын. Қазақ ССР Министрлер Советі бюджетті орындау ретінде өткен жылы Жамбыл облыстық атқару комитетінің облыс орталығын көркейтуге 400 мың сом және Қарағанды облыстық атқару комитетінің облыстағы мектептер үшін жабдықтар сатып алуына 285 мың сом қаржы жұмсауына рұқсат етті.

Депутат Умаров Мырғалымсай, Хантағы және Ащысай ауруханаларында төсектер санын көбейту жөнінде ұсыныс енгізген болатын. Оңтүстік Қазақстан облысының 1954 жылғы бюджетінде ауруханалардағы төсектің санын 135 орын, диспансерлердегі төсек санын — 60 орын көбейту көзделіп отыр.

Депутаттар Горохов пен Тұрғамбаев айналым алынатын салықты жоспарлау жөнінде Қазақ ССР Финанс министрлігінің атына сын ескертшелер жасаған болатын. Республиканың Финанс министрлігі бұл істе болған кемшіліктерді жою жөнінде қажетті шаралар қолданды. Сонымен бірге еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің өндіріс жоспарлары мен товарларды өткізу жоспарларын кәсіпорындар мен ұйымдардың орындауына басшылығы мен бақылауын күшейтуі қажет.

Мысалы, 1953 жылы республиканың совхоздарында барлық тракторлардың 15,2 проценті және комбайндардың 26,2 проценті ауылшаруашылық жұмыстарында пайдаланылмады. Жұмсақ жерді жырту есебінен алғанда 15 аттың күші бар әрбір трактордың орта есеппен атқарған жұмысы жоспардағыдан 21,5 процент кем болды. Осының салдарынан 1953 жылғы трактор жұмыстарының жоспары совхоздарда небәрі 68,9 процент қана орындалды.

ның 30,5 проценті болып табылады. Кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарының өз қаржыларынан 751 миллион 668 мың сом жұмсағанын еске алатын болаек. — халық шаруашылығына жұмсалған

Қазақ ССР-інің 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті

Депутат жолдастар! Қазақ ССР-інің 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы Заңға және республиканың халық шаруашылығын өркендетудің 1954 жылғы жоспарына сәйкес жасалды. Бюджетте Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының тарихи қарарларынан туатын — Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру, су шаруашылығының жайын түбірінен жақсарту, егістік, шабындық және жайылымдық жерлерді суару жөніндегі республикада жүзеге асырылып жатқан аса маңызды шаралар бейнеленді.

Қазақ ССР-інің 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кірістері жағынан 5 миллиард 346 миллион 967 мың сом және шығыстары жағынан — 5 миллиард

БЮДЖЕТТІҢ КІРІСТЕРІ

1954 жылғы халықшаруашылық жоспарында көзделген өнеркәсіп өнімін көп өндіру, товар айналымын ұлғайту, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту, құрылыстың өзіндік құнын арзандату, өндіріс пен айналымдағы шығындарды азайту шаралары республиканың мемлекеттік және кооперативтік ұйымдарының рентабельділігін арттырып, олардың қорларын молайтуды талап етеді.

Бұған сәйкес республиканың 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде социалистік шаруашылықтан түсетін қаржы 4 миллиард 646 миллион 900 мың сом, яғни бюджеттің барлық кірістерінің 86,9 проценті болып табылады.

Айналымнан алынатын салықтың жалпы түсімі республика үшін 1954 жылға 7 миллиард 400 миллион сом және бюджетке бөлінетін үлес 3 миллиард 457 миллион 658 мың сом мөлшерінде, өткен жылғыдан 45,9 процент артық белгіленіп отыр. Шаруашылық ұйымдарының пайдаларынан бөлінетін үлес 408 миллион 260 мың сом мөлшерінде қаралды.

Айналымнан алынатын салық жөніндегі төлемдер сомасының көп бөлігі «Главтекстильторг», «Заготзерно» системаларынан, ликер-арақ, қант және ет өнеркәсібінен түсетіндігін атап айту керек. Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі, Автомобиль транспорты мен тас жолдар министрлігі, Көпшілік тұтынылатын өнеркәсіп товарлар министрлігі және Коммуналық шаруашылық министрлігі кәсіпорындарының пайдаларынан бюджетке түсетін төлемдер едәуір мөлшерде белгіленді. Мұның өзі бұл министрліктердің, ведомствалардың және олардың кәсіпорындарының басшыларына бюджетке түсетін төлемдер жөнінде өздерінің мемлекет алдындағы міндеттемелерін мезгілінде және то-

шылық жоспары мен бюджетінде көзделген күрделі құрылыс жөніндегі, өз жүйелерін өрістетуге және маман кадрлармен толықтыру жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

343 миллион 78 мың сом мөлшерінде, кірістері шығыстарынан 3 миллион 889 мың сом артық ұсынылып отыр.

Егер соңғы үш жылдың ішінде республиканың Мемлекеттік бюджеті жылына орта есеппен 3,4 процент артқан болса, бытылғы жылы бюджет 1953 жылғыдан 22,9 процент артқаны отыр.

Республика бюджетінің бұлай зор көлемде артуы мынадан: Қазақстан тың және тыңайған жерлерді игеру негізінде астық пен басқа ауылшаруашылық дақылдарын өндіруді арттыру, мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін молайту жөнінде орасан зор жауапты міндеттерді шешеді. Коммунистік партия мен Совет үкметі Қазақ республикасының экономикасы мен мәдениетін барынша көркейте беруге, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыра беруге күнбе-күн әкелік қамқорлық жасап отырғандығында.

лық орындау үшін зор жауапкершілік жүктейді.

Колхоздар мен кооператив системасынан алынатын табыс салығының түсімдері 173 миллион 724 мың сом, машина-трактор станцияларының табыстарынан түсетін қаржы — 86 миллион 350 мың сом мөлшерінде белгіленді. Мемлекеттік заемдарды халықтың арасында жазылу жолымен таратудан түсетін кірістер 201 миллион сом мөлшерінде белгіленіп отыр.

Республиканың 1954 жылғы бюджетінде халықтан алынатын мемлекеттік салықтардың түсімдері 356 миллион 74 мың сом мөлшерінде белгіленді. Бюджет кірістерінің жалпы сомасында халықтан алынатын мемлекеттік салықтар түсімінің үлес салмағы 1952 жылғы 9,2 проценттен бытылғы жылы 6,7 процентке дейін кемітіледі. 1954 жылғы ауылшаруашылық салығы республикада 1952 жылмен салыстырғанда 3,2 еседен аса азайтылып отыр.

Депутат жолдастар! Халықтан алынатын салықтардың осылай үнемі кемітілуі Коммунистік партия мен Совет үкметінің халқымыздың материалдық әл-ауқатын үнемі арттыра беруде тынбастан жасап отырған қамқорлығының нәтижесі болып табылады.

Республика бюджетінің кірістері жөніндегі жоспарды мезгілінде және толық орындау мүдделері өрбір кәсіпорының жоғары сапалы және белгіленген ассортиментпен өнім шығару жөніндегі өндірістік жоспарды, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, айналым шығындарын азайту, шаруашылық есепті барынша қолданып, нығайту, финанс тәртібін қатаң сақтау, үнемшілдік тәртібін бұзғышай қатаң орындап отыру жөніндегі тапсырмаларды сөзсіз орындауын қатты талап етеді.

Аса қажырлы 304 миллион 220 мың сом, яғни 1953 жылғыдан 3,5 есе артық белгіленді. Совхоздардың негізгі малдарын толықтыруға 257 миллион 600 мың сом қаржы жұмсау көзделінді.

Тың және тыңайған жерлердегі жаңа совхоздардың күрделі құрылысына, оларды өзіндік айналым қаржымен қамтамасыз етуге жұмсалатын бұл қаржының үстегі одақтық бюджеттен 573 миллион 770 мың сом қаржы босатылып отыр. Республиканың машина-трактор станцияларын оған әрі ұлғайтып, нығайтуға және олардың өндірістік шығындарына одақтық бюджеттен 2 миллиард 607 миллион 360 мың сом қаржы бөлінді.

Сонымен, республиканың ауыл шаруашылығына 1954 жылғы қаржының барлық көздерінен 5 миллиард 400 миллион сомнан аса қаржы жұмсалады. Бұл қаржы 1953 жылғыдан 3 миллиард сом дерлік, яғни 124 процент асып түседі.

Қазақстан ауыл шаруашылығының еңбекшілері тың және тыңайған жерлерді игеру, астық өндіру жөніндегі партия мен үкметтің тапсырмаларын орындау үшін зор жігермен еңбек етеді.

Бұл тапсырманың орындалуы қана қоймай, сонымен бірге едәуір асыра орындатынында ешқандай күмән жоқ.

Мұны көктемгі егістің қорытындысы көрсетіп отыр. Республикада жаздық дақылдар егудің мемлекеттік жоспарына осы жылғы 5 июнге дейін колхоздар 104,1 процент, совхоздар 111 процент, соның ішінде бидай егу жоспарын — колхоздар 109 процент, совхоздар — 114,7 процент орындады. Қазақстанның колхоздары мен совхоздары жаздық дақылдарды өткен жылғыдан 1 миллион 570 мың гектар артық екті. Республикада бір жарым миллион гектардан аса тың және тыңайған жер жыртылды. Колхоздар жаңадан жыртылған тың жерде жоспар бойынша 550 мың гектардың орнына 900 мың гектарға жуық бидай мен тары екті, ал совхоздар тың жердегі егіс жоспарын екі есе асыра орындады.

ССР Одағының үкметі Қазақ республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелеріне зор көңіл бөліп келеді. Мұны Мемлекеттік бюджеттің цифрлары айқын көрсетеді. Бытылғы жылы республиканың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына 152 миллион 800 мың сом қаржы бағытталып отыр, мұның өзі 1953 жылғы осы мақсатқа нақты жұмсалған қаржыдан 45,1 процент асып түседі. Бұл қаржыдан жергілікті Советтердің тұрғын үйлер құрылысына 28 миллион 700

ОБЛЫСТАРДЫҢ ЖЕРГІЛІК БЮДЖЕТТЕРІ

Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің 1954 жылға арналған бюджеттерін Қазақ ССР Министрлер Советі кірістері мен шығыстары жағынан 2 миллиард 566 миллион 205 мың сом мөлшерінде белгіледі, мұның өзі республиканың Мемлекеттік бюджетінің жалпы көлемінің 48 проценті болып табылады. Жергілікті бюджеттер облыстар бойынша мынадай мөлшерде жобаланып отыр:

Алматы облысы 127769 мың сом
Ақмола облысы 137433 « «
Ақтөбе облысы 127471 « «

филактика мекемелерінің жүйесін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Оқу шараларына жұмсалатын қаржы 1 миллиард 746 миллион 880 мың сом мөлшерінде белгіленді. Бұл қаржыдан жалпы бірдей оқу мектептерін ұстауға 938 миллион 166 мың сом, кадрлар даярлауға — 292 миллион 800 мың сом, балалар мекемелерін және мектептер жаңындағы интернаттарды ұстауға — 202 миллион 730 мың сом, мәдени-ағарту мекемелеріне — 82 миллион 976 мың сом, ғылымды оған әрі дамытуға — 93 миллион 650 мың сом, соның ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясының шығындарына — 54 миллион 400 мың * сом және В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалына — 22 миллион 260 мың сом қаржы жұмсалады.

Республиканың 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде денсаулық сақтау және физкультура істеріне жұмсалатын қаржы едәуір арттырылып отыр. Бұл қаржы 795 миллион 630 мың сом мөлшерінде белгіленді. 1954 жылы қалалық және селолық ауруханалардағы төсектер саны 2.976 орын, балалар яслилерінде — 1.533 орын көбейту, фельдшерлік-акушерлік пункттер санын 203 пункт көбейту жоспарланған отыр.

Республиканың Оқу министрлігі, Мәдениет министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі және еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері халықшаруашылық жоспары мен бюджетте қаралған әлеуметтік-мәдени мекемелер жүйесін мезгілінде өрістетуге, оларды маман кадрлармен қамтамасыз етуге және бұл мақсатқа бөлінген қаржыны дұрыс игеруге қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Әлеуметтік қамтамасыздану және әлеуметтік қамсыздандыру шараларына 253 миллион 128 мың сом қаржы бөлініп отыр. 1953 жылмен салыстырғанда бұл мақсатқа жұмсалатын қаржы 10,5 процент артады. Бұл қаржыдан несиелер мен жәрдемдер төлеуге 217 миллион 255 мың сом бөлінеді.

Мемлекеттік басқару органдарының жұмысын оған әрі жақсарту жөнінде Партия мен Үкмет жүргізіп отырған шараларға байланысты бұл органдарды ұстау шығындары өткен жылғыдан 30 миллион 750 мың сом азайтылады. Республиканың 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде бұл шығындардың үлес салмағы 1953 жылғы 9,3 проценттің орнына 7 процент болып отыр.

Шығыс Қазақстан облысы 208915 « «
Гурьев облысы 113129 « «
Жамбыл облысы 136645 « «
Батыс Қазақстан облысы 132371 « «
Қарағанды облысы 261842 « «
Қызылорда облысы 99978 « «
Қостанай облысы 118162 « «
Қостанай облысы 144872 « «
Павлодар облысы 123685 « «
Солтүстік Қазақстан облысы 127544 « «
Семей облысы 151460 « «

шылығын өркендетудің 1954 жылғы жоспарында еңбек өнімділігін өнеркәсіпте 6,2 процент, құрылыста — 8,6 процент, кәсіпшілік кооперациясында — 5,2 процент арттыру, өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнын 2,9 процент, құрылыс-монтаж жұмыстарының құнын — 3 процент және жергілікті саудадағы айналым шығындарын — 3,3 процент, тұтынушылар кооперациясының айналым шығындарын — 2,6 процент кеміту көзделген.

Республиканың өнеркәсіп орындары, шаруашылық және сауда ұйымдары бытылғы жылы жалпы сомасы 680 миллион 800 мың сом мөлшерінде, яғни өткен жылғыдан 240 миллион 770 мың сом артық пайда табуға тиіс.

Бюджеттің ойдағыдай орындалуы ең алдымен өрбір кәсіпорының рентабельді жұмыс істеуіне, шаруашылықтың ішкі қорларын молайту үшін ішкі резервтерді пайдалануға, іске пайдалануға, материалдық ресурстар мен ақша қаражатын жұмсауға барлық учасқоқтерде үнемшілдік тәртібін қатаң сақтап отыруға байланысты.

Біздің республикамызда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәрі түгел дерлік үлгілі жұмыс істейтін болуы үшін қажетті жағдайдың бәрі бар. Мемлекетіміз халық шаруашылығының барлық салаларын озат техникамен жабды қарқында жылма-жыл жабдықтап келеді, ауыр және еңбек көп жұмсалатын жұмыстар зор көлемде механикаландырылып, республиканың өнеркәсіп орындарының, совхоздар мен машина-трактор станциялары жұмысшыларының, инженер-техник және басшы қызметкерлерінің құрамы тәжірибелі мамандар мен тәжірибелі шаруашылық басшыларының есебінен үнемі көбейтіліп, нығайтылып келеді.

Республиканың бірқатар кәсіпорындары ең тамаша техниканы, советтік ғылымның табыстары мен жаңашылдардың озат тәжірибелерін пайдалана отырып, еңбек өнімділігін арттыруды, өндірістік жоспарлардың орындалуын, өнімнің өзіндік құнын мен айналым шығындарын кемітуді, осының негізінде қор жинау жоспарлары мен өздерінің бюджетке қаржы төлеу жөніндегі мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етіп келеді.

Мұнымен қатар республиканың көптеген кәсіпорындары және тіпті халық шаруашылығының тұтас салалары бірқатар жылдардан бері мемлекеттік жоспарларды орындай алмай келеді.

Мемлекеттік шаруашылықтар болып табылатын совхоздардың социалистік ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыруда колхоздар үшін үлгі және өнеге болуға міндетті екені жұртқа мәлім. Бірақ Қазақ ССР Совхоздар министрлігі совхоздарының жұмысында әлі де өте ірі кемшіліктер болып отырғанын атап айту керек.

Республиканың совхоздары ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, мал шаруашылығын өркендету және мемлекетке өнімдер тапсыру жөніндегі мемлекеттік жоспарларды бірысыра жылдардан бері орындамай келеді.

Совхоздар алып отырған ең жаңа ауылшаруашылық машиналары мен жабдыктары өте қанағаттанғысыз пайдаланылуда.

дады. Совхоздарда ауылшаруашылық өнімдерінің көптеген мөлшерде кем өндірілуі және қаржы жұмсауда үнемшілдік үшін күрес жүргізілмеуі, сонымен қатар финан және смета тәртібінің бұзылуы өнімнің өзіндік құнының мықтап қымбаттауына әкеліп соқтырды. Өнімнің жалпы түсімінің іс жүзіндегі құны өткен жылы жоспардағыдан өсімдік шаруашылығы жөнінде 96 миллион 200 мың сом және мал шаруашылығы жөнінде 85 миллион 600 мың сом артық болды.

Совхоздардың 70 проценті зиянмен жұмыс істеп келеді. 1950 жылмен салыстырғанда совхоздардың жоспардан тыс зияндары үш еседен де асып түсіп, соңғы үш жылдың ішінде 283 миллион 800 мың сомға жетті. Міне, бұл жағдай совхоздардың айналым қаржысының ұдайы жетпей калуына әкеліп соқтырды, бұл қаржыны толықтыруға соңғы екі жылдың ішінде бюджетте қаралмаған 115 миллион сом қаржы беріліп, соның өзінде басқа шараларды қаржыландыру ісі қысқартылды.

Бұған қарамастан, 1953 жылы Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің системасы айналым қаржының көп мөлшерде жетпей калуына жол берді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бұдан бұрынғы сессияларында совхоздардың шаруашылық және финан жұмысының жаңы қанағаттанғысыз болып отырғанына республиканың Совхоздар министрлігі мен оның системасы басшыларының назары сан рет аударылған болатын. Бірақ Совхоздар министрі Власенко жолдас бұдан қажетті қорытынды шығармады, республиканың совхоздарын үлгілі және жоғары рентабельді шаруашылыққа айналдыру үшін шаралар қолданбады.

Рентабельді жұмыс істеу үшін совхоздарда мүмкіндіктің бәрі бар. Біз мұны жер-климат жағынан бірқалып жағдайда орналасқан мынадай екі совхоздың жұмыс нәтижесінің өзінен ақ дәріп отырмыз.

Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданындағы Совет астық совхозында бір центнер астықтың өзіндік құны жоспардағыдан 6 сом 39 тыйын төмен, ал сол аудандағы Қарағанды астық совхозында — жоспардағы өзіндік құнынан 19 сом 49 тыйын жоғары болып отыр. Қарағанды совхозы 1953 шаруашылық жылы жоспардан тыс болған 774 мың сом зиянмен аяқтаған, ал Совет совхозы — 432 мың сом пайда келтірген.

Партия мен Үкметтің қарары бойынша 1954 жылғы 1 январьдан бастап совхоздарға мемлекеттен қосымша қаржы беру системасы жойылып, астық, майлы дақылдар және мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін тапсырудың жаңа бағалары енгізілді.

Қазақ ССР Совхоздар министрі Власенко жолдас және трестер мен совхоздардың директорлары бұдан елеулі қорытынды шығарып, ұйымдастыру жұмысын түбірімен жақсартуға, астық және басқа ауылшаруашылық дақылдарын өндірудің, мал

(Соңы 3-бетте).

Қазақ ССР Финанс министрі Т. Төлебаевтың баяндамасының соңы

(Басы 2-бетте)

шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың мемлекеттік жоспарларының әрбір совхоздың орындауын қамтамасыз етуге, шаруашылыққа ұқыпсыздықпен қарау фактілерін жоюға, сөйтіп артқа қалушы совхоздарды алдыңғылардың дәрежесіне жеткізіп, олардың зиянсыз, пайдалы жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс.

Партиямыз бен Үкметіміз күрделі құрылыс мәселелеріне арқашан да баса көңіл бөліп келді және көңіл бөліп отыр. Күрделі құрылысқа жыл сайын көп қаржы бөлініп келеді. Бірақ республиканың көптеген министрліктері бұл қаржыны мейлінше толық және өте тиімді пайдаланбайды. Құрылыс жоспары үнемі орындалмай, құрылыс құнының қымбаттауына жол беріледі. Құрылыс объектілерінің өте бауу және сапасыз жүргізілуі, қаржының әр құрылысқа бытыратылуы сыяқты фактілер орын алып, мұның өзі өндірістің қуаттар мен тұрғын үйлерді іске қосуға қолайсыз әсерін тигізіп келеді.

1953 жылы құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспарын «Казводстрой» тресі небәрі 44 процент, «Казсельпромстрой» тресі—45,5 процент қана орындады. Жоспар бойынша 8 миллион 500 мың сом пайда келтірудің орнына құрылыс құнының қымбаттатылуына байланысты бұл трестер 4 миллион 900 мың сом зыян шекті.

Республиканың совхоздарында өткен жылы құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспары 67,6 процент қана орындалып, соның салдарынан 298 мал қоралары және басқа бірқатар құрылыстар іске қосылмай қалды.

Тұрғын үй-азаматтық құрылыс министрлігі 1953 жылғы құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспарын 84,3 процент қана орындап, соның өзінде құрылыстың құнын жоспардағыдан 1 миллион 700 мың сом арттырып жіберді. Бұл министрліктің құрылыс жоспарын орындамауы салдарынан 1953 жылы 2.867 шаршы метр тұрғын үйлер іске қосылмады.

Құрылыстарды жоба-смета документтерімен мезгілінде қамтамасыз етудің құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспарларын орындау, құрылыстың сапасын жақсарту және оның құнын кеміту үшін зор маңызы бар. Ал оның бер жағында күрделі құрылыс жоспарына енгізілген объектілердің ұзақ уақыт бойы осындай документтермен қамтамасыз етілмейтін фактілері аз емес. Бірқатар жағдайда құрылыстың техникалық жобалары мен сметалары сапасыз жасалатындықтан жобалау ұйымдарына түзету үшін қайтарылып жүр.

Республиканың министрліктері мен ведомстволарының басшылары құрылыс және жобалау ұйымдарының жұмысын батыл жақсартуға, құрылыс жоспарларының орындалуын қамтамасыз етуге, құрылыстың сапасын арттырып, құнын кемітуге тиіс.

Ұзақ мерзімді қаржы беретін банктер құрылыс-монтаж жұмыстары жоспарларының орындалуын, құрылыс ұйымдарының

жасау өнеркәсіп саласында 551 центнер сүттің ысрап болуына жол беріліп, өндіріс технологиясының қатаң сақталмауы, шикізат жұмсау нормаларының арттырылуы салдарынан 438 центнер сарымай жем өндірілді.

Балық өнеркәсібінде балық өнімдерінің жоспардан тыс ысрабы 5180 центнер болды.

Республиканың Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындары 1953 жылы өндірісте 2300 тонна отыңды артық жұмсады.

Өнеркәсіп орындарының біркелкі жұмыс істеуі өндірістік жоспарлардың сан және сапа жағынан орындалуына едәуір әсер етеді. Солай бола тұрса да, республиканың бірқатар кәсіпорындарында өндіріс жоспарларын орындау жұмыстары біркелкі ұйымдастырылмай, мұның өзі механизмдер мен жұмысшы күшінің толық пайдаланылмауына, шикізаттың, материалдардың артық жұмсалыуына, өнімнің брак жасалуына, бүлінуге және өзіндік құнының артуына әкеліп соқтыруда.

Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігінің Семей механикалық зауытында 1953 жылы әрбір айдың бірінші онкүндігінде айлық программаның 2 процентінен 26 процентіне дейін, ал айдың үшінші онкүндігінде—53 процентінен 97 процентіне дейін шығарылып келген. Мұның салдарынан станоктердің босқа қарап тұруы өндіріс тәртібінің белгілі уақытына шаққанда 26,5 процент, ал кесімді еңбек етушілердің босқа тұруы —1062 сағат болған, 84 тонна шойын, 7 тонна жұкатабақты болат және 4 тонна алюминий артық жұмсалған, өнімнің ассортименті жөніндегі жоспар 50 процент қана орындалған, өндірісте өнімнің брак жасалуынан және бүлінуден едәуір ысрапқа жол берілген.

Республикада өндіріс жағдайы біркелкі, бірақ өнімнің өзіндік құны бір-бірінен мүлде өзгеше болып отырған бірқатар кәсіпорындар бар.

Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің Алматыдағы № 3 кірпіш зауытында 1953 жылы күйдірілген бір мың кірпіштің өзіндік құны жоспардағыдан 4 сом 50 тиын арзан болса, осы министрліктің Алматыдағы № 1 кірпіш зауытында — жоспардағыдан 13 сом 11 тиын қымбат болған. № 3 кірпіш зауыды жалпы өнім шығару жоспарын 109,1 процент, еңбек өнімділігі жөніндегі жоспарды — 105,3 процент орындап, өнімнің өзіндік құнын жоспардан тыс 276 мың сом мөлшерінде кеміткен. Ал № 1 кірпіш зауыды жалпы өнім шығару жоспарын 98 процент, еңбек өнімділігі жөніндегі жоспарды —93,6 процент қана орындап, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырманы 392 мың сом жем орындаған, 300 мың сомнан асатын өнімнің орынсыз ысрап болып, брак жасалуына жол берген.

Мұның себебі сол, № 3 кірпіш зауыдының басшылары жабдықтардың қуатын толық пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға, материалдарының өнімге

өсетін дұрыс жүргізілуін ұйымдастыруда ішкі ведомстволық финанс бақылауының зор маңызы бар. Республиканың бірқатар министрліктері мен ведомстволарында мұндай бақылау төмен дәрежеде жүргізілуде. Тексеру жұмысы кәсіпорындар мен ұйымдардың бәрінде бірдей жүргізілмейді, тексерушілер аппараты өз жұмыстарына тура пайдаланылмайды, тексеру материалдары бойынша мезгілінде шаралар қолданылмайды.

Ал, оның бер жағында, 1953 жылы финанс органдары жүргізген ревизия мен тексерудің нәтижесінде Оқу министрлігінің мекемелерінде 5 миллион 800 мың сом қаржының заңсыз жұмсалғаны, 800 мың сом қаржының талан-таражға салынғаны және ұрланғаны, Денсаулық сақтау министрлігінің мекемелерінде 3 миллион 300 мың сом қаржының заңсыз жұмсалып, 400 мың сом қаржының талан-таражға салынғаны және ұрланғаны, Мәдениет министрлігінің мекемелерінде —2 миллион сомнан аса қаржының заңсыз жұмсалып, 300 мың сом қаржының талан-таражға салынғаны және ұрланғаны анықталды.

Қазақ ССР Министрлер Советі 1954 жылғы январьда республиканың министрліктері мен ведомстволарында ішкі ведомстволық финанс бақылауының жаңы туралы мәселе қарап, қажетті нұсқаулар берген болатын. Ал, жүргізілген тексеруде республиканың көптеген министрліктері мен ведомстволарының Министрлер Советінің бұл нұсқауларын орындамай отырғаны айқын көрінді. Бұған Денсаулық сақтау министрлігі, Мәдениет министрлігі, Коммуналдық шаруашылық министрлігі, Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі және басқалары жатады.

Ішкі ведомстволық финанс бақылауын ұйымдастырудағы кемшіліктерді жойып, барлық кәсіпорындарда, барлық ұйымдарда сапалы ревизиялар мен тексерулер жүргізілуін қамтамасыз ету қажет.

Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметі мемлекеттік басқару органдарының аппаратын арзандату, олардың жұмысын барынша жақсарту мәселесіне зор көңіл бөліп келеді. Солай бола тұрса да, республиканың бірқатар министрліктерінде, мекемелері мен кәсіпорындарында штаттың шамадан тыс ұлғайтылуына, оны ұстауға мемлекет қаржысының көп жұмсалыуына, штат-смета тәртібінің көп бұзылуына жол беріліп отыр.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінде жалпы штаты 479 адам бола тұрса да, онда 80 басқарма, бөлімдер мен секторлар бар, соның өзінде 45 бөлімнің штатында 1-ден 4-ке дейін қызметкер жұмыс істейді. Міне басқармалар, бөлімдер мен секторлар осындай көп болып отырған жағдайда Ауыл шаруашылығы министрлігі аппаратының қағаз тасқынынан әлі де арылмай отырғандығы түсінікті де. Министрлік өзінің қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысына жедел, жанды басшылығын күшейтпей келеді.

олардың құрылысы құнын кеміту жөніндегі тапсырмалар мен қор жыйнау жоспарларының орындауын бақылауды күшейтуге тиіс.

Республиканың Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің көптеген кәсіпорындары 1953 жылы жабықтардың өндірістік қуаттарын қанағаттанғысыз пайдаланып, өте өнімді жұмыс істейтін механизмдер мен машиналардың ұзақ уақыт босқа тұруына жол берді. Өндірісті ұйымдастырудағы осындай және басқа кемшіліктердің салдарынан еңбек өнімділігі жөніндегі жоспар бұл министрліктің кәсіпорындарын тұтастай алғанда 89,2 процент орыдалды, ал жалпы өнім шығару жоспардағымен салыстырғанда 87 процент болып, 25 миллион 400 мың күйдірілген кірпіш, 8 мың тонна ағ, 15 мың 900 шаршы метр қамыс қалқан және басқа материалдар кем шығарылды.

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрі Морозов жолдастың темір-бетон және ағаш конструкциялары, қабырғара керекті материалдар мен бөлшектер сыяқты құрылыс қарқынын тездетіп, оның құнын арзандататын материалдар шығаруды осы уақытқа дейін ұйымдастырмай отырғанын түзуге болмайтын факті болып табылады. Министрлік өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырманы 11,1 процент орындап, жоспар бойынша 6 миллион 600 мың сом қор жыйнаудың орнына, 2 миллион 300 мың сом зыян көлтірді.

Өндірісті ұйымдастыруда және сапалы өнім шығаруды арттыруға керекті резервтер мен шаруашылықтың ішкі қорларын іске жұмылдыруда кемшілік тұтылатын өнеркәсіп товарлар министрлігінің кәсіпорындарында да зор кемшіліктер бар. Өткен жылы бұл Министрліктің системасы өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырманы 15 миллион 800 мың сом кем орындады. 1953 жылы өнімсіз шығындар және шаруашылыққа ұқыпсыздық жасаудан болған ырап министрлік бойынша тұтастай алғанда 22 миллион сомнан асып түсті. Осындай себептердің салдарынан қор жыйнау жоспары 81 процент қана орындалды, бюджетке пайдадан бөлінетін қаржы 18 миллион 300 мың сом кем берілді.

Жұртқа мәлім, шикізатты, материалдарды, отынды, электр қуатын үнемдеу, өнімнің бүлінуді және брак жасалуынан болатын зыянды барынша азайту өндірісті ұлғайтудың, өнім шығаруды арттырудың, оның өзіндік құнын кемітудің, кәсіпорындардың рентабельділігін күшейтудің маңызды факторы болып табылады. Бірақ кәсіпорындар мен ұйымдарда өндірістің осындай ішкі резервтері тіпті де толық пайдаланылмай келеді.

Мысалы, 1953 жылы республикаға бағынатын ет комбинатында мал мен құсты соға қарсаңында олардың тірідей салмағының кемюі, мал мен құстың елуі салдарынан болған зыян 10.723 центнер, яғни 1 миллион 500 мың сом болды. Май

қуатын үнемдеуге және шығарылатын өнімнің сапасына зор көңіл бөледі, ал № 1 кірпіш зауытында өндірістің осындай аса маңызды шарттары ескерілмей келеді.

Жоспарларды сапалы орындау, шаруашылық есепті нығайту, социалистік шаруашылықты жүргізудің негізгі әдісі болып табылатын қатаң үнемшілдік тәртібін енгізу, товар-материалдардың айналымын пашпаңдату және өнімнің өзіндік құнын кеміту үшін іс жүзінде нағыз күрес жүргізу министрліктер, жоғары басқармалар, трестер мен кәсіпорындар басшыларының шұғыл міндеті болып табылады.

Финанс органдарының, мемлекеттік банк пен ұзақ мерзімді қаржы беретін банктер мекемелерінің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, әрбір кәсіпорнының және бюджеттегі мекемелердің финансы шаруашылық жұмысына ақша арқылы пәрменді және белсенді бақылау жасауды ұйымдастыруы қажет.

Республиканың быйылғы жылғы бюджетінің кірістерінде айналымнан алынатын салықтан түсетін қаржы 64,7 процент болып отыр. Міне сондықтан бюджетте қаралған шаралардың біркелкі қаржыландырылуы ұйымдардың айналымнан алынатын салық жөніндегі жоспарды мезгілінде және толық орындауына байланысты болатындығы әбден түсінікті.

Бірақ кейбір ұйымдар айналымнан алынатын салық жөнінде өздерінің мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындауға ойдағыдай қамқорлық жасамай келеді. Өткен жылы «Заготзерно» системасының Қазақстандағы ұйымдары айналымнан алынатын салық жоспарын 141 миллион сомнан аса мөлшерде кем орындады. Мұндай жағдай бұл системада быйылғы жылы да байқалып отыр. «Заготзерно» системасы бойынша айналымнан алынатын салық бірінші тоқсанда 26 миллион сомнан аса мөлшерде түспей қалды.

Бірқатар кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдары басшыларының мемлекеттік салық төлеу тәртібін бұзып, бюджетке төленуге тиісті ірі көлемді қаржыны өздерінің айналымында ұзақ уақыт ұстап қалып отырғанын, мұның өзі бюджетті шығыстар жағынан орындауда белгілі қиыншылықтар тудырып отырғанын ерекше атап айту керек. 1953 жылы Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінің 46 кәсіпорны айналымнан алынатын салықты 1401 ретте жалпы сомасы 102 миллион сомнан асатын мөлшерде мезгілінде төлемеді, ал Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігінің кәсіпорындары 198 ретте — 61 миллион сом салықты мезгілінде төлемеді.

Министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары жоспардың орындалуын қамтамасыз етуге және айналымнан алынатын салықты төлеу ісін кешенді түрде фактілеріне жол бермеуге тиіс.

Кәсіпорындар мен ұйымдарда финансы-бюджет тәртібін нығайтуда, бухгалтерлік

Аппараттың құрылымы мен штаттарындағы мұндай кемшіліктер басқа бір-қатар министрліктер мен ведомстволарда да болып отыр. Республиканың тұтынушылар кооперациясы ұйымдарында да штат-смета тәртібінің көп бұзылуына жол беріліп отыр.

Бірқатар жағдайда республикалық ұйымдардың кейбір басшылары штат-смета тәртібін өздері бұзып, соның салдарынан өздерінің қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда мемлекеттік финансы тәртібінің мүлтіксіз сақталуын бақылап отырмайды.

Министрліктердің, ведомстволардың және кәсіпорындардың басшылары басқару аппаратының жұмысын жақсартуға, оның құрылымы мен штатындағы артық буындарды тезінен жоюға тиіс.

Республиканың финансы және банк органдарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін мойындау қажет. Финанс органдары мен банк мекемелерінің қызметкерлері кәсіпорындардың тікелей өзінде экономиканы әлі де жеткілікті зерттемейді, кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту резервтерін мерзімінде ашып отырмайды, кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктер туралы басшы органдардың алдына мәселелер қоюда ойдағыдай инициатива, жедел қыймыл, табандылық және қатаң таланттылық көрсетпейді.

Финанс органдары мен банк мекемелерінің жұмысындағы кемшіліктерді ең қысқа мерзім ішінде жою, кәсіпорындардың жоспарларды орындауын, белгіленген кірістердің бюджетке мезгілінде және толық түсуін ақша арқылы бақылауды күшейту, халықшаруашылық жоспары мен бюджетте қаралған шаралардың қаржыландырылуын қамтамасыз ету, соның өзінде қаржы жұмсауда үнемшілдік тәртібін қатаң сақталуын көзден отыру олардың шұғыл міндеті болып табылады.

Депутат жолдастар! Қазақстанның кәсіпорындарында, құрылыстарында, машина-трактор станцияларында, колхоздары мен совхоздарында Партия мен Үкімет республиканың алдына қойған жауапты міндеттерді ойдағыдай орындау жолындағы бүкілодақтық қуатты социалистік жарыс кең өріс алды.

Даңқты Коммунистік партия мен туысқан Совет Үкіметінің төңірегіне тығыз топтасқан Қазақ республикасының жұмысшылары, колхозшылары және интеллигенциясы біздің социалистік Отанымыздың қуатын оған әрі нығайта беру үшін күші мен еңбегін аямай жұмсайды.

Советтік Қазақстанның еңбекшілері Совет Одағы халықтарының біртұтас туысқан семьясында бола отырып, ұлы Коммунистік партияның көмеңгерлік басшылығымен 1954 жылы халық шаруашылығы мен мәдениет құрылысының барлық салаларында жаңа табыстарға жетеді, сөйтіп елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне өздерінің лайықты үлесін қосады.

СЕЛОЛЫҚ КІТАПХАНА

Совет ауданы, Ленин атындағы колхоздың кітапханасы колхозшылар мен механизаторларды мәдениетті қамтуда игі жұмыстың тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Кітапхана жанынан екі жылжымалы кітапхана ұйымдастырылған. Ол көптемігі егіс кезіндегі сыяқты шөп шабу науқаны кезінде де шөпшілер мен механизаторларды мәдениетті қамтуда.

Мұнда кітапханашы Н. Петренко жолдастың басшылығымен фотомонтаж, витриналар ұйымдастырылды. Олар тың жерлерді игеруге, колхозды деревняның мәдени тұрмысын көрсетуге арналған. Кітапханада «Колхоз жаңалығы» деген қабырға газеті шығып тұрады.

Кітапхананың кітап қоры өсіп, кітап оқушылардың саны да көбейіп келеді. Көзір кітапханада 10 мың сомның кітабы бар. Оның үстіне кітапхана көптеген орталық, республикалық, облыстық және аудандық газет, журналдар жаздырып алдырады.

Е. ӨМІРОВ.

Шопандар

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың колхозшылары Достан Ақсақалов, Сүлеймен Туытов колхоздың қой шаруашылығын өркендетуде қажырлы еңбек етіп келеді. Бұл озат шопандар баққан отардан қой шығыны болған емес.

Өткен жылы бұлар әрбір жүз саулықтан 104 қозы алып шығынсыз өсірсе, быйылғы жылы әрбір 100 саулықтан 106 қозы алып, шығынсыз өсіріп келеді. Озат шопандар Ақсақалов пен Туытовтың қажырлы еңбегін бағалап, колхоз басшылары сыйлықтар берді.

Озат шопандар көзір көршілес колхоздардың малшыларымен социалистік жарысқа түсіп, оңда алған міндеттемелерін аброймен орындап жүр.

Алыстағы жайылымда

Каганович атындағы колхоздың (Совет ауданы) орталығынан 30 километр қашықтықта суы мол, үлкен көл бар. Көл маңы шөбі шүйгін, көлемі кең жайылымдық. Колхоздың мал өсірушілері жыл сайын сыйыр малын жазда жайып, бағуға осы жайылымдықты пайдаланып, малдың қондылығын да, сауын сыйырлардың сүт өнімін де арттыруға жетісіп келеді.

Колхоз басқармасы жақында бұл жайылымдықта шөптің өсіп өнуі жайын тексеріп, оны мал жаятын бірнеше өрістік учасоктерге бөлді. Ол учасоктермен мал бағушыларды таныстырды. Сөйтіп, сауын сыйырлардың алғашқы бір табынын осы жазғы жайылымға шығаруды ұйымдастырды.

Көзір алыстағы жайылымда бағылатын сыйырлар тез семіріп келе жатқаны байқалады. Ондағы сауыншы А. Зновьяк, Ә. Барт, Р. Макарова жолдастар өздеріне бекітіліп берілген әрбір сауын сыйырдан сүтті бұрынғыдан 1,5—2 есе артық сауып жүр.

Сауын сыйырлардың бақташысы М. Сбитный, В. Войцеховский жолдастар малды жаюға жайылымдықтарды жақсы пайдаланып келеді. Олар әрбір өрістік учасокке сыйырларды 4—5 күн жайғаннан кейін екінші учасокке ауыстырып отырады.

В. ЛИЗУН.

Сүт тапсырудың озаттары

Преснов ауданы, Жданов атындағы колхоздың көп колхозшылары мемлекетке сүт тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Олардың ішінде Ж. Смаилов, Т. Малдыбаев, С. Аргынбаев және басқа көптеген колхозшылар бар.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

СЕЛОЛЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУ МЕКЕМЕЛЕРІ ҮШІН

Булаев аудандық мәдениет бөлімі жақында облыстық кітапханасынан 25 мың сомның саяси, көркем әдебиет, ауылшаруашылық әдебиеттерін сатып алып, селолық клубтар мен кітапханаларға таратты. Түскен кітаптардың ішінде тың және тыңайған жерлерді игерудің маңызды, Қазақстанда жаңа жерлерді игеру туралы, алдыңғы қатарлы машина-трактор станцияларының тәжірибесі жөнінде көптеген жаңа кітапшалар, Докучаевтың, Мичуриннің, Вильямстің еңбектері бар.

Ауданның мәдени-ағарту мекемелері жыл басынан бері 100 мың сомның әдебиеттерін сатып алды.

Х. ӨМІРСЕИТОВ.

Озат машинистер

Александр Шкред 4 жыл бойына «Вторая пятилетка» ауылшаруашылық артелинде (Булаев ауданы) еңбек етіп, қоғамдық мал үшін жемісін қорын жасау ісіне мол үлес қосты. Осы мерзім ішінде ол өздігінен жүретін кең алымды шөп машинасын бірде-бір сағат тоқтатып көрген жоқ.

Александр Шкред быйыл Калинин атындағы колхоздың пішенін шабады. Мұнда да ол қажырлы еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Машинаны күтімді ұстап, күн сайын 30 гектардың орнына 40-45 гектардың шөбін шауып жүр.

Сод сыяқты Мизя Поникар да жоғары өнімді еңбек етуде. Ол Шкредпен жарысқа түсіп, күндік тапсырмасын анағұрлым артық орындауға жетісуде.

Мал азығын дайындауға шыққаннан бері екеуі 200 гектар алаңның пішенін шапты.

Х. РАХМЕТОВ.

Женева кеңесінде корей мәселесі лғы 15 июньде жасаған мәлімдемесі

мойындаған кейбір қағидалардың бар екендігін айқын көрсететіндей ұсыныстармен жұртшылық пікірін адастыруға болмайтындығы туралы айтқан болса, онда мұндай шабуылдардың Великобритания делегациясы енгізген негізгі принциптер туралы ұсыныстарға да қатысы бар ма екен? Егер жұрттың көзін жеткізгін келетін болса, онда белгілі бір догманы ұстау қажет екенін ұмытпау керек.

Француз делегациясының басшысы 11 июньде Канада өкілінің мәлімдемесіне қосылды. Бірақ ол да корей мәселесі жөнінде негізгі бес пункттен құрылған өз ұсынысын енгізді. Бұл пункттердің көпшілігі совет делегациясының ұсыныстарына, сондай-ақ британиялық делегацияның ұсыныстарына азды-көпті үйлеседі. Солай бола тұрса да, француз делегациясы, сондай-ақ Канаданың делегациясы сияқты Женева кеңесінде корей мәселесі жөнінде жалпы принциптер қабылдау туралы айту тіпті де дұрыс емес деп санап отыр. Мынадай сұрақ туады: Францияның делегациясы корей мәселесі жөніндегі жалпы принциптердің өзі ұсынған бес пунктіне көңіл бөліп қарай ма екен?

Бельгиялық делегацияның басшысы Спаак мырза совет делегациясының ұсыныстары Біріккен Ұлттар Ұйымы үшін «жантүршігерлік зардаптарға» әкеліп соқтырған болар еді-міс, сондықтан бұл ұсыныстарды БҰҰ үшін «өлімге ұшырататын ұсыныстар деп» санауға тура келеді-міс деген және сондай сөздер айтуға дейін барды. Бұл «жантүршігерлік» сөздер мен шешендік айла-тәсілдің бәрі жалпыкорейлік сайлауды бақылау жөнінде халықаралық комиссия құру туралы совет ұсыныстарының жобасында бұл комиссияның Біріккен Ұлттар Ұйымының тағайындауы көзделмей отырғандығына байланысты жарыққа шығып отыр. Бірақ Спаак мырза өзі қатысып отырған Женева кеңесін шақырған кезде біздің Біріккен Ұлттар Ұйымымыз қыймыл жасағанымызды, сірә, ұмытқан болса керек. Солай бола тұрса да, Біріккен Ұлттар Ұйымымыз қыймыл жасауды біздің ешқайсымыз орынсыз деп санаған жоқпыз және санамаймыз да.

Британиялық делегацияның басшысы 11 июньде сөз сөйлеген уақытта, 13 майда өзі айтқан берген корей мәселесі жөніндегі өзінің бес негізгі принципі есіне түсірмеді. Бұл жолы оның ойын билеген нәрсе, өзінің айтуынша, «екі проблема: Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі және еркін сайлау принципі» болған. Әрине, Біріккен Ұлттар Ұйымының беделін де, сондай-ақ Кореяда еркін сайлау принципін сақтау қажеттігін де сөз жүзінде емес, қайта іс жүзінде ардақтау қажет екендігін Женева кеңесіне қатысушылардың бірде-бірі бекер деп отырған жоқ.

Бірқатар басқа делегациялар да Біріккен Ұлттар Ұйымының өзін өзі мадақтайтын қорғаушылары ролінде әрекет жасап, совет делегациясының ұсыныстарын қабылдамай тастауын жақтап шық-

қадамдар жасау туралы желісудің өзін мүмкін етпей отыр.

Солай бола тұрса да, Совет үкметі біртұтас, тәуелсіз және демократиялық корей мемлекетін құру негізінде корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу туралы желісімге жету мақсатымен қандай да болса мүмкіндіктің бұдан былай да пайдаланылатын болуын көздей береді.

Біз былай деп санаймыз: Кореяның онан әрі бейбітшілікпен өркендеуін нығайту үшін оның Солтүстігінде және Оңтүстігінде қажетті жағдайларды қамтамасыз ету кәзіргі жағдайда Кореяның ұлттық бірлігін қалпына келтіру ісіне бәрінен гөрі көбірек көмектесетін болады. Бүгін КХДР делегациясы енгізген және Кореяда бейбітшілік жағдайларын баянды ету мақсатын көздейтін ұсыныстар бұл міндеттерге сай келеді.

Осыған сәйкес совет делегациясы барлық шетелдік қарулы күштерді Кореяда әдетте мүмкіндігінше неғұрлым қысқа мерзім белгілеу туралы ұсынысты да, сондай-ақ Солтүстік және Оңтүстік Корея әскерлерінің санын азайту туралы ұсынысты да қолдайды. Мұндай ұсыныстардың Оңтүстік Кореядағы дисбаланстықтарға ұнамауы мүмкін. Бірақ бұл ұсыныстардың корей халқының мүдделеріне және бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетіндігіне күмән болмауға тиіс.

Совет делегациясы сонымен қатар Кореядағы соғыс жағдайын бірте-бірте жоюға жағдай тудыру туралы және екі жақтың әскерлерін бейбітшілік жағдайына көшіру туралы мәселені қарау үшін Корей Халық-Демократиялық Республикасы мен Корей Республикасы өкілдерінен комиссия құру жайындағы ұсынысты да қолдайды. Мұндай қарар қабылдау елдің Солтүстігінде және Оңтүстігінде корей халқының экономикалық жағдайын жеңілдетіп қана қоймайды, қайта оның бүкіл Қытай Шығыста бейбітшілікті нығайту үшін зор маңызы болады. Сонымен бірге совет делегациясы Корей Халық-Демократиялық Республикасы жөнінде мүлде заңсыз қолданылған блокада және эмбарго шараларын Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердің үкметтері бұзатын болсын деген КХДР талабын барынша қолдайды, өйткені мұндай шаралар кәзіргі жағдайда халықаралық қарапайым нормаларға қайшы келіп қана қоймай, сонымен бірге корей халқына қарсы бағытталған қылмыс болып табылады.

Егер Кореяның белгілі бір бөлегі мен басқа мемлекеттер арасында соғыс міндеттемелерімен байланысты договорлардың болуы Кореяны бейбітшілікпен біріктіру мүдделерімен сыйыспайтындығын кеңес мойындайтын болса, мұның өзі өте дұрыс болар еді. Соның өзінде Америка Құрама Штаттары мен Оңтүстік Корея арасында жасалған «өзара қорғаныс» дегінін договордың Кореядағы бейбітшілік мүдделеріне мүлде қайшы келіп отырғанын атап көрсетуге болмайды. Бұл договор американдық қарулы күштерін Оңтүс-

Үш республика жолдарымен

Москва-Харьков-Киев-Минск- Москва маршрутымен көп күнге созылатын велосипед жарысы

17 июньде Горький атындағы Орталық мәдениет және демалыс паркінде Москва-Харьков-Киев-Минск-Москва маршруты бойынша көп күнге созылатын велосипед жарысына старт берілді. Бұл өте ірі жарысқа «Динамо», «Спартак», «Трудовые резервы», «Шахтер», «Зенит», «Медик», «Урожай», «Даугава», «Колхозник» ерікті спорт қоғамдарының, ССРО Қорғаныс министрлігінің Орталық спорт клубының және басқаларының 17 командасы қатысады. Әрбір командада 6 адам бар. Велосипед мастерлері Р. Чижаков, Е. Клевцов, В. Вершинин, Е. Немцов, В. Чернов, Р. Там сияқты белгілі мастерлермен бірге көптеген жас велосипедшілер қатысады.

Велосипедшілер үш республиканың— РСФСР, Украина және Белоруссия жолдарымен 2600 километр жол жүреді. Барлық жол 45 этапқа бөлінген. Әрбір этапта жеңіп шыққандарға жүлде беріледі.

Москвадан старт берілудің алдында көп күнге созылатын жарысқа қатысушылардың салтанатты парады болды. Олар маршпен жарыс жалауы көтерілген жерден өтіп, бұдан кейін Қырым көпірі жанынан старт алды. Спортшыларды мыңдаған москвалықтар алыс жолға шығарып салды. (СОТА).

Облыстық спартакиада

Қаладағы «Динамо» стадионы қызыл тулармен, спорт қоғамдарының жалауларымен жеркедегідей безендірілген. Стадион қақпасының жоғарғы жағында ұлкен транспортант бар. Онда: «жетінші облыстық спартакиадаға қатысушыларға жалауы сәлем» деген сөздер жазылған.

Мұнда бұрнағы күні облыстық спартакиада басталды. Спорт қоғамдары мен аудан спортшыларының парады болып өтті. Оған қаланың «Искра», «Динамо», «Энергия», «Урожай» спорт қоғамдары, облысымыздың 11 ауданынан келген спортшылар қатысты.

Облыстық жетінші спартакиада жеңіл атлетикашылар жарысымен басталды. Алғашқы күні «Искра» спорт қоғамының спортшысы Беляев ядроны 12 метр 11 сантиметр қашықтыққа лақтырып, облыс бойынша жаңа рекорд жасады. Ал, бұдан кейін Беляев ядроны 12 метр 49 сантиметр қашықтыққа лақтырып, бірінші орынға ие болды. Ядро лақтырудан екінші орынды Октябрь ауданының спортшысы Никитин, үшінші орынды Булаев ауданының спортшысы Володин алды.

Бұдан кейін 1500 метр қашықтықтан жүгіру жарысы басталды. Облыстың осы қашықтықтан жүгіру жөніндегі чемпионы Осадчий («Локомотив») біраз уақытқа дейін алда келді. Бірақ, соңғы 50 метрлік қашықтықта «Спартак» қоғамының спортшысы Богаевский оны басып озды.

Папанин көшесіндегі тұрғын үй құрылысы негізінен 1951 жылы аяқталған болатын. Бірақ, үйдің құрылысында аяқталып бітпеген көптеген кемшіліктері болғандықтан ол осы уақытқа дейін пайдалануға берілмей, үй мүліктері талан-тараққа ұшырауда. Мәселен, есіктердің тұтқаларын, терезе жаңғақтарын, пеш трубаларын кім көрінген алып кеткен. Киров көшесінен 8 нөмерлі тұрғын үй салғанына бірнеше жыл өтті, дегенмен, онда құрылыс жұмысы әлі аяқталған жоқ. Үйдің құрылысын тезірек аяқтатуды мекеме басшылары шындап ұйымдастырмай отыр. Құрылыс мекемесінің бастығы Рылин жолдас құрылысты маман жұмысшылармен қамтамасыз етуге, құрылысшылардың іскерлік қабілеттілігін арттырып, еңбек тәртібін қатаң сақтауға, құрылыс материалдары мен машиналарды ұқыпты пайдалануға жеткілікті назар аудармай келеді. Бұл құрылыс мекемесінде машиналардың босқа тұруы жиі кездеседі. Мәселен, мұнда 1953 жылы механизмдердің босқа тұруы 50 мың машина-сағатқа жеткен.

Темір жол бөлімінің құрылыс участогі

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫСТАР

Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозының орталығы Метлицино селосында электр станциясын салуға әзірлік жұмыстары қызу жүргізілуде. Мұнда көздің өзінде 270 аттық күші бар двигатель және 60 киловаттық генератор сатып алынды.

Сол сияқты, колхозда двигатель күшімен жүретін дңірмен салынып жатыр.

Бұл үшін двигатель, жеректі құрылыс материалдары сатып алынған. Дңірмен құрылысын қысқа мерзім ішінде аяқтап, оны пайдалануға беру үшін құрылысшылар еңбек қарқынын еселеп арттырып, күндік тапсырмаларын асыра орындап жүр.

Жаңа дңірмен күн сайын 70—80 центнерге дейін ұн үретін болады.

В. ЖӘКЕНОВ.

міндеттемелердің орындалу барысы, қорытындысы мүлдем тексерілмейді, құрылыс алаңдарында еңбекті онан әрі механикаландыру ісін құрылыс басшылары ойластырмай да отыр. Ал, қолда бар машиналардың пайдаланылуында иесіздік күшті, әсіресе, құрылысшы жұмысшылар арасында саяси-тәрбие бұқаралық жұмысының тиісті дәрежеде жүргізілмей отырғандығын баса айту қажет.

1954 жылы қалада 52 тұрғын үй, соның ішінде көп қабатты 20 тұрғын үй, мектеп, клуб және педагогикалық институттың құрылысы аяқталуға тиіс. Бұл—жергілікті партия, комсомол, совет, кәсіподақ ұйымдарынан, құрылыс ұйымдарының басшыларынан құрылыс жұмысына басшылықты негізінен жақсартып, еңбек тәртібін бүтіндей жақсартуды, құрылысшы жұмысшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты күшейтуді талап етеді.

А. ЧЕРНЫШЕВ,

ҚКП облыстық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Мен Біріккен Ұлттар Ұйымының беледі түрліше қорғауға болатындығына келестің назарын тағы да аударуға тиіспін. Мұндай «қорғау» дейтіннің бәрі бірдей бұл беделді арттыра алмайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының принциптері мен Уставының өзіне нұқсан келтірген АҚШ агрессияшы топтарының қысым жасауымен Біріккен Ұлттар Ұйымының жалпы корей соғысында пайдаланылды. Бұл халықаралық ұйымның беделін мұндай әдістермен нығайтуға болмайды. Совет үкметі, БҰҰ Уставын бұзу әрекеттері арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының беделі түсірілетін болмасын, бұл халықаралық ұйымды белгілі бір агрессияшы мемлекеттер тобының мүдделеріне пайдалану арқылы оның беделі кемітілетін болмасын дегенді жақтап келді және жақтап отыр.

Ал жалпыкорейлік еркін сайлау принципіне келетін болсақ, совет ұсыныстарында бұл принциптің сақталуы толық қамтамасыз етілген. Егер жалпыкорейлік еркін сайлауды қамтамасыз ету мүдделері туралы айтатын болсақ, онда совет ұсыныстарына қарсы шыққандардың бірде бірі бұл ұсыныстардың дәлелді екендігін ешбір дәрежеде бұлжыта алмайды.

Сайлау әзірлеу және өткізу үшін Солтүстік және Оңтүстік Кореяның өкілдерінен жалпыкорейлік комиссия құру туралы ұсынысқа анағұрлым көп шабуыл жасалды. Бірақ сайлау өткізу үшін жалпыкорейлік орган құрудан бастарту фактісінің өзі корей халқының праволарын құрметтемейтіндікті көрсетеді, өйткені жалпыкорейлік сайлау сияқты іс корейлердің өз қолында, корей халқының өз қолында болуға тиіс. Мұндай бастарту қандай сылтаумен дәлелденгенімен, ол Оңтүстік Кореядағы тиесімандық тәртіпті Солтүстік Кореяға қабылдануға әрекеті болып табылады, ал, мұндай әрекеттің ұшқылық соғыс арқылы да іске аспай қалғанын барлық жұрт біледі. Демек, бүкіл Кореяда еркін сайлау өткізу үшін жалпыкорейлік орган құруды тілеумен жасанды әрекет болып табылады, міне осы әрекеттің жәрдемімен жалпыкорейлік сайлау өткізу мүмкіндігінің өзі сәтсіздікке ұшыратылып отыр.

Жалпыкорейлік сайлау туралы мәселені Кореяда соғысушы жақ ретінде әрекет жасап отырған, сондықтан корей мәселесінде туралы органның ролін атқаруға моральдық негіздері болмай отырған Біріккен Ұлттар Ұйымына беру әрекеттері мүлде дәлелсіз. Мұндай әрекеттер Солтүстік, сондай-ақ Оңтүстік Корея халқының негізгі бұқарасы үшін қабылдануға болатын шарттар негізінде Кореяны ұлттық жағынан біріктіруді әзірлеу ісінде бір қадам да болса жасағысы келмей отырғандардан жауапкершілікті алып тастай алмайды.

Талқылау мынаны көрсетті: кәзіргі уақытта Женева кеңесіне қатысушылардың көпшілігі Кореяның ұлттық бірлігін қалпына келтіруге бағыт алған бірінші

мерзімге ұстап қалуды көздейді. Басқа сөзбен айтқанда, жоғарыда көрсетілген договор Кореяның территориясын шетелдің мәңгі оккупациялап алғандығы болып табылады. Бұл договор корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуді көздемей, қайта Кореяда жаңа соғыс авантюраларын жасау жолымен істелетін агрессиялық әрекеттерді қолдауды көздейді. АҚШ агрессияшы топтарының Оңтүстік Кореяны Қыйыр Шығыста жаңа соғыс бастайтын тірекке айналдыруға жол беруге болмайды. Мұндай договорлардың корей халқының мүдделерімен сыйыспайтындығы мүлде айқын.

Сонымен бірге, совет делегациясы Корея Халық-Демократиялық Республикасы мен Корея Республикасы арасында экономикалық және мәдени байланыстар орнататын, дамыту жөнінде келісілген шарттар белгілеп, жүзеге асыру үшін жалпыкорейлік комитет құру туралы ұсынысты қолдайды. Мұндай шараның қажеттігін мойындамау—демек, Солтүстік және Оңтүстік Кореяның өзара жақындауына кедергі келтіру, сөйтіп корей мемлекетінің бірлігін қалпына келтіруге жағдай әзірлеуді қыйындату деген сөз.

Егер Женева кеңесіне қатысушы мемлекеттер Кореяны бейбітшілікпен өркендетуді қамтамасыз ету қажет екенін мәлімдейтін болса, мұның зор маңызы болар еді. Мұндай халықаралық көмекті корей халқының жаппай мақұлдап қарсы алатындығына күмәнданбауға болады. Мұндай қажеттікті басқа мемлекеттер тарапынан мойындау Кореяны біртұтас, тәуелсіз, демократиялық мемлекетке бейбітшілікпен біріктіру міндетін неғұрлым тез шешу үшін қолайлы жағдай туғызуға көмектесетін болады.

Бүгін Корея Халық-Демократиялық Республикасы тапсырған ұсыныстарға қосымша түрде совет делегациясы кеңеске қатысушылардың бәрінің мынадай бірлескен декларациясының жобасын кеңестің қарауына ұсынады:

«Корея туралы мәселе жөніндегі декларация»

Женева кеңесіне қатысушы мемлекеттер біртұтас, тәуелсіз және демократиялық корей мемлекетін құру негізінде корей мәселесін түпкілікті реттегенге дейін Кореяда бейбітшілікті қолдауға хауіп төндіретіндей қандайда болса қыймыл жасалмауға тиіс деп келісті.

Кеңеске қатысушылар Корея Халық-Демократиялық Республикасы, сондай-ақ Корея Республикасы бейбітшілік мүдделері үшін осы декларацияға сөйкес қыймыл жасайтын болады деген сенім білдіреді.

Совет делегациясы былай деп ойлайды: Женева кеңесінің Кореяны онан әрі бейбітшілікпен өркендету ісін нығайтуға бағытталатын әрбір қадамның, сонымен бірге, халықаралық шиеленісті босандату үшін де және жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту үшін де зор маңызы болады.

Сөйтіп, 1950 жыл қашықтықтан 1 минут 17 секундта жүгіріп, облыс бойынша жаңа рекорд жасады. Ал, Осадчий Богачевскийден 0,2 секунд ұшп келді.

800 метр қашықтықтан жүгіруде механикалық техниканың студенткасы Никитина өзінің өткен жылғы көрсеткішін қайталап —2 минут, 22,4 секундта келді. Ал, екінші орынға «Пищевик» спорт қоғамының спортшысы Загороднева, үшінші орынға Вудяев ауданының спортшысы Садоничая шықты.

Биіктіктен секіруден облыс чемпионы атағын алу жарысына ерлерден 42 спортшы қатысты. Мұнда «Локомотив» спорт қоғамының спортшысы Сиденко 1 метр 60 сантиметр биіктіктен секіріп, жаңа көрсеткішке жетті.

Спорттың басқа түрлері бойынша да облыс чемпионы атағын алу жарысы қызу жүргізілуде.

А. ЯРХО,

Бірінші категориялы судья.

Жас спортшылар жарысы

Қала бойынша болып өткен мектеп оқушыларының спартакиадасы аяқталды. Жеңіл атлетика бойынша бірінші орынды Ленин атындағы №1 орта мектептің қыздар командасы, Гершен атындағы №6 мектептің ер балалар командасы жеңіп алды. Баскетболшылар жарысында Ленин атындағы мектептің қыздар командасы жеңіске жетті.

Велосипедші ер балалар 50 километр, ал, қыздар 20 километр қашықтықтан жарысты. Бұл жарыста №1, №6 орта мектептердің велосипедшілері бірінші орындарды бөлісіп алды.

Үш күнге созылған жалпыкомандалық спорт жарысының қорытындысында бірінші орынға №1 орта мектептің қыздар командасы шықты. Ал, ер балалар командасы бойынша бірінші орын №6 орта мектеп оқушыларының үлесіне тиді.

Қала волейболшыларының қалааралық жолдастық кездесуі болып өтті. Петропавлдың құранды командасы Челябиннің «Авангард» спорт қоғамының волейболшыларымен кездесті. Ойын 3:1 есебімен қонақтардың жеңісімен аяқталды.

А. ӘЛІМҚҰЛОВ.

Редактор **Ғ. МУХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕРЛІК МЕКТЕБІ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАЙ МЕН БАТРАҚ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЈАНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01263.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының №18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.